

## **Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол Жүрісі туралы конвенциясын ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 237-IV Заңы

Венада 1968 жылы 8 қарашада қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол жүрісі туралы конвенциясы ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті                                      Н. Назарбаев*

## **ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ БОЙЫНША БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫ АКТ**

### **БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ БОЙЫНША КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АКТІСІ**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының жол қозғалысы бойынша конференциясы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы 1966 жылғы 27 шілдеде және 1967 жылғы 26 мамырда Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес қабылдаған 1129 (XLI) және 1203 (XLII) қарарларға сәйкес шақырылған болатын. Осы қарарлардың мәтіні төменде беріледі:

1 1 2 9                      ( X L I )                      қ а р а р ы  
«Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес,  
1949 жылғы Жол қозғалысы туралы конвенцияны және Жол белгілері мен сигналдары туралы хаттаманы қайта қарау туралы өзінің 1963 жылғы 25 шілдедегі 967 (XXXVI), 1964 жылғы 14 тамыздағы 1034 (XXXVII) және 1965 жылғы 30 шілдедегі 1082 (XXXIX) қарарларына сілтеме жасай отырып,  
оның 1034 (XXXVII) және 1082 (XXXIX) қарарларында айтылып қойған пікірге сәйкес 1949 жылғы Жол қозғалысы туралы конвенцияны және 1949 жылғы Жол белгілері мен сигналдары туралы хаттама жол қозғалысын жеңілдету үшін өзгерту және толықтыру қажет деп есептей отырып,  
Бас Хатшының баяндамасын, атап айтқанда оның 6-тармағын мәліметке ала отырып, өзінің 1082 (XXXIX) қарарының мазмұнын ескере отырып және Австрия үкіметінің шақыруын мәліметке ала отырып,

1. шақырылатын Халықаралық конференция 1949 жылғы Конвенция мен Хаттаманың орнына біреуден артық акт әзірлеуі қажет пе және жол белгілері Мен сигналдарына қатысты кейбір ережелер міндетті сипатта болуы керек пе немесе ұсынылатын практикаға ене ме деген мәселені шешуге тиіс екеніне қаулы етеді;

2. Конференцияға қатысуға Біріккен Ұлттар Ұйымына, мамандандырылған мекемелер мен Атом энергиясы бойынша халықаралық агенттікке мүше барлық мемлекеттер, сондай-ақ кеңесу дауысы құқығымен мамандандырылған мекемелер және бақылаушылар ретінде Кеңес жанында консультациялық мәртебесі бар мүдделі үкіметаралық ұйымдар мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдар шақырылатын болады деп қаулы етеді;

3. бұдан әрі Конференция 1968 жылғы наурызда Венада 25 жұмыс күнінен көп емес кезеңге шақырылады деп қаулы етеді, бұл ретте шақырылым күнін Австрия үкіметімен келісім бойынша Бас Хатшы айқындайды;

4. Бас Хатшыға Конференция құжаттары ретінде:

а) жол қозғалысы туралы конвенцияның жобасын;

б) өңірлік экономикалық комиссиялар ұсынған түзетулерді ескере отырып, бұрын жасалған жобаларға негізделген жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияның жобасын;

с) конвенциялар жобалары бойынша:

i) жаңа және бұрын таратылған мәтіндер арасындағы кез келген елеулі айырмашылықтар айқын көрсетілген;

ii) жаңа мәтіндерге енгізілмеген, өңірлік экономикалық комиссиялар ұсынған түзетулер жазылған ескертулерді дайындауды және таратуды ұсынады;

5. бұдан әрі Бас Хатшыға:

а) конвенцияның жаңа жобаларын тарату кезінде:

i) Конференцияға шақырылатын мемлекеттердің үкіметтерінен Конференция ашылғанға дейін 4 ай бұрын мерзімнен кешіктірмей олар енгізуге ниет білдірген осы жобаларға түзетулерді оған жіберуін;

ii) Конференцияға шақырылатын мамандандырылған мекемелер мен үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардан олар ұсыну қажет деп есептеген конвенциялардың жаңа жобаларының техникалық ережелеріне түзетулер енгізу туралы ұсыныстарын оған сол мерзім ішінде жіберуін өтінуді;

б) жоғарыда «а» «i» және «ii» тармақшасына сәйкес келтірілген түзетулер мен ұсыныстарды Конференция ашылғанға дейін екі ай бұрын мерзімнен кешіктірмей таратуды,

с) Конференцияға арналған рәсімдердің алдын ала ережелері мен басқа да қажет етілетін құжаттардың жобасын дайындауды және таратуды қоса алғанда, Конференция шақыру үшін басқа да қажетті шаралар қабылдауды ұсынады.

1 2 0 3 ( X L I I ) қ а р а р

«Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес»,

1949 жылғы 19 қыркүйекте Женевада қол қойылған Жол қозғалысы туралы конвенцияны және Жол белгілері мен сигналдары туралы хаттаманы ауыстыру үшін халықаралық конференция шақыру жөніндегі шараларға қатысты өзінің 1966 жылғы 26

шілдедегі 1129 (XLI) қарарына сілтеме жасай отырып, Бас Хатшының 1967 жылғы 3 сәуірдегі жазбасымен өзгертілген оның 1967 жылғы 16 наурыздағы баяндамасын мәліметке ала отырып, 1129 (XLI) қарарда көрсетілген конференцияны шақыру кезеңінде төмендегідей өзгеруге тиіс деп қаулы етеді:

а) аталған қарардың 3-тармағында «25 жұмыс күнінен көп емес» деген сөздерді қоспағанда, «Венада» деген сөзден кейінгі сөздер түсірілсін және «1968 жылғы 30 қыркүйектен бастап 1 қарашаға дейін» деген сөздер енгізілсін;

б) 5-тармақтың «а» «іі» тармақшасында «4 ай» деген сөздер «алты ай» деген сөздермен және сол тармақтың «b» тарақшасында «екі ай» деген сөздер «үш ай» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Конференция жұмысы үшін жоғарыда көрсетілген қарарда көзделген мерзімдер шақырушы үкіметтің өтініші бойынша өзгертілді; Жол қозғалысы бойынша конференция 1968 жылғы 7 қазаннан бастап 8 қарашаға дейін болды.

Конференция жұмысына қатысқан делегациялар мына мемлекеттердің үкіметтерінің мүддесін білдірді:

Австралия, Австрия, Алжир, Аргентина, Ауғанстан, Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Бельгия, Болгария, Бразилия, Ватикан, Венгрия, Венесуэла, Габон, Гана, Греция, Дания, Доминикан Республикасы, Израиль, Үндістан, Индонезия, Иран, Испания, Италия, Канада, Кения, Кипр, Қытай, Коста-Рика, Кувейт, Либерия, Ливия, Люксембург, Малайзия, Мали, Мексика, Монако, Нигерия, Нидерланды, Норвегия, Біріккен Араб Республикасы, Перу, Польша, Португалия, Корея Республикасы, Румыния, Сан-Марино, Сауд Арабиясы, Біріккен Ұлыбритания Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Америка Құрама Штаттары, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Судан, Таиланд, Түркия, Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Филиппин, Финляндия, Франция, Орталық Африка Республикасы, Чехословакия, Чили, Швейцария, Швеция, Эквадор, Югославия және Жапония.

Мына мемлекеттердің үкіметтері Конференцияға бақылаушылар ретінде мүддесін білдірді:

Боливия, Гватемала, Колумбия, Куба және Никарагуа.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық еңбек ұйымы және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік Конференцияға кеңесу дауысы құқығымен қатысты.

Мына ұйымдар Конференцияға бақылаушылар ретінде мүддесін білдірді:

А. Үкіметаралық ұйымдар  
Еуропалық көлік министрлері конференциясы  
Еуропалық кеңес  
Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы

Араб мемлекеттері лигасы  
Меншік құқығын біріздендіру жөніндегі халықаралық институт  
Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы  
Солтүстік кеңес  
В Үкіметтік емес ұйымдар  
Дүниежүзілік туристік және автомобиль ұйымы  
Дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы  
Сақтандыру жөніндегі еуропалық комитет  
Жол-көлік оқиғаларын ескерту жөніндегі халықаралық қауымдастық  
Халықаралық жол федерациясы  
Жарықтандыру жөніндегі халықаралық комиссия  
Халықаралық еркін кәсіподақтар конфедерациясы  
Халықаралық христиан кәсіподақтары конфедерациясы  
Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым  
Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы  
Халықаралық сауда палатасы  
Халықаралық жоғарғы полиция шендері федерациясы  
Халықаралық автомобиль көлігі одағы  
Халықаралық темір жолдар одағы  
Халықаралық ресми туристік ұйымдар одағы  
Қоғамдық көлік жөніндегі халықаралық одақ  
Қызыл Крест қоғамдарының лигасы  
Мотоцикл жасаудың тұрақты халықаралық бюросы  
Автомобиль өнеркәсібі кәсіпкерлерінің тұрақты халықаралық бюросы

3. Конференцияға Бас Хатшы дайындаған Жол қозғалысы туралы конвенцияның және Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияның жобасы ұсынылды, олар пікірталас үшін негіз болды 1/.

4. Пленарлық отырыстар туралы қысқаша есептердегі және бас комитеттер қабылдаған шешімдер туралы қысқаша есептердегі шешімдерді ескере отырып, Конференция Жол қозғалысы туралы конвенцияны және Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияны дайындады және қол қою үшін ашты.

5. Сонымен қатар Конференция дауысқа салмай-ақ бірауыздан мақұлдау негізінде мына қарарды қабылдады, тақырыбы

Австрия Республикасының үкіметі мен халқына алғыс білдіру  
«Жол қозғалысы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясы 1968 жылғы 7 қарашада Венада өз жұмысын аяқтауына байланысты Австрия халқы мен үкіметіне, сондай-ақ Вена қаласының тұрғындарына Конференцияның барлық делегаттарына олардың көрсеткен қонақжайлылығы үшін өзінің терең алғыс сезімін білдіреді.»

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойған өкілдер осы қорытынды актіге  
қ о л қ о й д ы .

1/ E/CONF.56/1 және 1/Add.1 және E/CONF.56/3 және 3/ADD.1 құжаттары.

Венада бір түпнұсқа данада ЖАСАЛДЫ, ағылшын, испан, қытай, орыс және француз мәтіндері тең сәйкес келеді, бір мың тоғыз жүз алпыс сегізінші жылғы сегізінші қараша. Түпнұсқа сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына беріледі, ол расталған көшірмелерді Конференцияға қатысуға шақырылған барлық үкіметтерге тиісті түрде жолдайды.

Конференция Төрағасы  
БУЦЦИ-КВАТРИНИ мырза

Атқарушы Хатшы

Ф.Д.МАСОН мырза

	А у ғ а н с т а н	ү ш і н :
	А л ж и р	ү ш і н :
	А р г е н т и н а	ү ш і н :
	А в с т р а л и я	ү ш і н :
	А в с т р и я	ү ш і н :
	Б е л ь г и я	ү ш і н :
	Б р а з и л и я	ү ш і н :
	Б о л г а р и я	ү ш і н :
Белоруссия	Кеңістік Социалистік Республикасы	үшін:
	К а н а д а	ү ш і н :
Орталық	Африка Республикасы	үшін:
	Ч и л и	ү ш і н :
	Қ ы т а й	ү ш і н :
	К о с т а - Р и к а	ү ш і н :
	К и п р	ү ш і н :
	Ч е х о с л о в а к и я	ү ш і н :
	Д а н и я	ү ш і н :
	Доминикан Республикасы	үшін:
	Э к в а д о р	ү ш і н :
Германия	Федеративтік Республикасы	үшін:
	Ф и н л я н д и я	ү ш і н :
	Ф р а н ц и я	ү ш і н :
	Г а б о н	ү ш і н :
	Г а н а	ү ш і н :
	Г р е ц и я	ү ш і н :
	Ә у л и е тағы	ү ш і н :
	В е н г р и я	ү ш і н :
	Ү н д і с т а н	ү ш і н :
	И н д о н е з и я	ү ш і н :

	И р а н	ү ш і н :
	И з р а и л ь	ү ш і н :
	И т а л и я	ү ш і н :
	Ж а п о н и я	ү ш і н :
	К е н и я	ү ш і н :
	К у в е й т	ү ш і н :
	Л и в а н	ү ш і н :
	Л и б е р и я	ү ш і н :
	Л и в и я	ү ш і н :
	Л ю к с е м б у р г	ү ш і н :
М а л а й	Ф е д е р а ц и я с ы	ү ш і н :
	М а л и	ү ш і н :
	М е к с и к а	ү ш і н :
	М о н а к о	ү ш і н :
	М а р о к к о	ү ш і н :
	Н и д е р л а н д ы	ү ш і н :
	Н и г е р и я	ү ш і н :
	Н о р в е г и я	ү ш і н :
	П е р у	ү ш і н :
	Ф и л и п п и н	ү ш і н :
	П о л ь ш а	ү ш і н :
	П о р т у г а л и я	ү ш і н :
К о р е й	Р е с п у б л и к а с ы	ү ш і н :
	Р у м ы н и я	ү ш і н :
	С а н - М а р и н о	ү ш і н :
С а у д	А р а в и я с ы	ү ш і н :
	И с п а н и я	ү ш і н :
	С у д а н	ү ш і н :
	Ш в е ц и я	ү ш і н :
	Ш в е й ц а р и я	ү ш і н :
	Т а и л а н д	ү ш і н :
	Т ү р к и я	ү ш і н :
У к р а и н а	К ең і с т і к С о ц и а л и с т і к Р е с п у б л и к а с ы	ү ш і н :
	К ең і с т і к С о ц и а л и с т і к Р е с п у б л и к а л а р О д а ғ ы	ү ш і н :
	Б і р і к к е н А р а б Р е с п у б л и к а с ы	ү ш і н :
Ұ л ы б р и т а н и я	Б і р і к к е н к о р о л ь д і г і ж әне С о л т ү с т і к И р л а н д и я	ү ш і н :
	А м е р и к а Қ ұ р а м а Ш т а т т а р ы	ү ш і н :
	В е н е с у э л а	ү ш і н :

Югославия үшін:

# ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

## ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

У а ғ д а л а с у ш ы                      Т а р а п т а р ,

бірыңғай қозғалыс ережелерін қабылдау арқылы халықаралық жол қозғалысын жеңілдету және жолдарда қауіпсіздікті арттыру ниетімен төмендегілер туралы келісті:

### Бірінші тарау

### ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап

#### Анықтамалар

Осы Конвенцияның ережелерін қолданған кезде төмендегі терминдер осы бапта берілген мағынада болады:

а) Уағдаласушы Тараптың «ұлттық заңнамасы» термині осы Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылатын ұлттық немесе жергілікті заңдар мен ережелердің жиынтығын білдіреді;

б) көлік құралы, егер ол:  
i) бұл мемлекеттен тыс қарапайым тұрғылықты жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса;

ii) бұл мемлекетте тіркелмесе;  
iii) оған уақытша әкелінсе қандай да бір мемлекеттің аумағы бойынша «халықаралық қозғалыста» болады деп есептеледі;

алайда әрбір Уағдаласушы Тарап, оның аумағында бір жылдан астам уақыт бойы ұзақтығын осы Уағдаласушы Тарап белгілей алатын елеулі үзіліссіз қалған кез келген көлік құралын «халықаралық қозғалыста» деп есептемеуге құқылы.

Көлік құралдарының құрамы, егер құрамның ең болмағанда бір көлік құралы осы анықтамаға жауап берсе, «халықаралық қозғалыста» деп есептеледі;

с) «елді мекен» термині құрылыстар салынған аумақты білдіреді, оған кірер және одан шығар жолдар тиісті белгілермен арнайы белгіленеді немесе ол ұлттық заңнамада қандай да бір өзгеше түрде айқындалады;

д) «жол» термині кез келген жол немесе көше бөлінісінің қозғалыс үшін ашық бүкіл жолағын білдіреді;

е) «жолдың жүріс бөлігі» термині әдетте көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын жол бөлігін білдіреді; жолдың нақты, атап айтқанда, бөлу жолағымен белгіленген немесе әртүрлі деңгейдегі бірнеше жүріс бөлігі болуы мүмкін;

f) қозғалыстың немесе веложолдың шеткі жолағы немесе шеткі жолақтары белгілі бір көлік құралдарының қозғалысына арналған жүріс бөлігінде «жүріс бөлігінің шеті» термині жолдың басқа пайдаланушылары үшін жолдың қалған бөлігінің шетін білдіреді ;

g) «қозғалыс жолағы» термині жолдың жүріс бөлігінің бөлінуі мүмкін, ұзына бойы сызу арқылы белгіленген немесе белгіленбеген, бірақ автомобильдердің, мотоциклдерден басқа өзге де көліктердің бір қатармен қозғалуы үшін жеткілікті ені бар кез келген ұзына бойы жолақтарды білдіреді;

h) «жол қиылысы» термині бір деңгейдегі кез келген қиылысты, осындай қиылыстардан, қосылған немесе тармақталған жолдардан құралатын аумақты қоса алғанда, жолдардың қосылған жерлерін немесе тармақталуын білдіреді;

i) «темір жол өтпесі» термині тәуелсіз төсемі бар, жолдың темір жол немесе трамвай жолдарымен бір деңгейдегі кез келген қиылысын білдіреді;

j) «автомагистраль» термині автокөлік құралдарының қозғалысы үшін арнайы салынған және соған арналған, жол жиегіндегі иеліктерге қызмет көрсетпейтін және

i) жекелеген орындарды қоспағанда немесе уақыт тәртібімен, қозғалыстың екі бағыты үшін бір-бірінен қозғалысқа арналмаған бөлу жолағымен немесе ерекше жағдайларда, басқа да құралдармен бөлінген жекелеген жүріс бөліктері бар;

ii) жолдармен де, темір жол немесе трамвай жолдарымен де, жаяу жүргінші жолдарымен де бір деңгейде қиылыспайтын;

iii) автомагистраль ретінде арнайы белгіленген жолды білдіреді;

k) к ө л і к қ ұ р а л ы :

i) егер ол адамдарды отырғызу немесе түсіру не жүктерді тиеу немесе түсіру үшін қажетті уақыт кезеңінде қозғалыссыз күйге келтірілсе, «тоқтатылған»;

ii) егер ол басқа жол пайдаланушымен немесе қандай да бір кедергімен қақтығысуды болдырмау немесе қозғалыс ережелерінің нұсқамаларын орындау қажеттігінен басқа себеппен қозғалыссыз күйге келтірілсе және егер оны тоқтату адамдарды отырғызу немесе түсіру не жүктерді тиеу немесе түсіру үшін қажетті уақытпен шектелмесе, «тұрақта тұрған» деп есептеледі;

алайда Уағдаласушы Тараптар жоғарыда, «ii» тармақшасында айқындалған жағдайларда қозғалыссыз күйге келтірілген көлік құралдарын, егер бұл жай-күйдің ұзақтығы ұлттық заңнамада белгіленген уақыт шегінен аспаса, «тоқтатылған» деп есептеуі және жоғарыда, «i» тармақшасында айқындалған жағдайларда қозғалыссыз күйге келтірілген көлік құралдарын, егер бұл жай-күйдің ұзақтығы ұлттық заңнамада белгіленген уақыт шегінен асса, «тұрақта тұрған» деп есептеуі мүмкін;

l) «велосипед» термині кемінде екі доңғалағы бар және осы көлік құралында отырған адамдардың бұлшық ет энергиясымен ғана, атап айтқанда, педальдардың немесе тұтқалардың көмегімен қозғалысқа келтірілетін кез келген көлік құралын білдіреді ;



m) «аспалы қозғалтқышы бар велосипед» термині цилиндрінің көлемі  $50 \text{ см}^3$  (3,05 текше дюйм) аспайтын іштен тұтанатын қозғалтқышпен жабдықталған және оның ең жоғары конструктивтік жылдамдығы 50 км/сағ. (30 миль/сағ.) аспайтын екі немесе үш доңғалақты кез келген көлік құралын білдіреді; алайда Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес оларды пайдалану мүмкіндігіне, атап айтқанда оларды педальдардың көмегімен қозғалысқа келтіру мүмкіндігіне қарай велосипедтердің сипаттамасына жатпайтын немесе өзінің ең жоғары конструктивтік жылдамдығы, салмағы немесе қозғалтқыштың кейбір сипаттамалары бойынша белгіленген шектен асатын көлік құралдарын аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер деп есептемеуі мүмкін. Осы анықтаманың бірде-бір ережесі жол қозғалысына қатысты өз ұлттық заңнамаларының нұсқамаларын қолдану кезінде аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді велосипедтерге толық теңестіру үшін Уағдаласушы Тараптарға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс;

n) «мотоцикл» термині қозғалтқышы бар, коляскалы және коляскасыз кез келген екі доңғалақты көлік құралын білдіреді. Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасында мотоциклдерге жүктемесіз салмағы 400 кг-нан (900 фунт) аспайтын үш доңғалақты көлік құралдарын теңестіруі мүмкін. «Мотоцикл» терминіне аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер кірмейді, алайда Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті өтініш білдірген жағдайда, осы Конвенцияны қолдану кезінде аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіруі мүмкін;

o) «механикалық көлік құралы» термині аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестірмейтін Уағдаласушы Тараптардың аумағында аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді қоспағанда және рельсті көлік құралдарын қоспағанда, кез келген өздігінен жүретін жол көлік құралын білдіреді;

p) «автомобиль» термині әдетте, адамдарды немесе жүктерді жолда тасымалдау үшін немесе адамдарды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарын жолда сүйретпеге алу үшін пайдаланылатын механикалық көлік құралын білдіреді. Бұл термин троллейбустарды, яғни электр сымдарына жалғанған рельсті емес көлік құралдарын қамтиды; ол адамдарды немесе жүктерді жолда тасымалдау үшін немесе адамдарды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарын жолда сүйретпеге алу үшін пайдаланылуы олардың қосымша функциялары ғана болып табылатын ауыл шаруашылығы тракторлары сияқты көлік құралдарын қамтымайды;

q) «тіркеме» термині механикалық көлік құралымен сүйретпеге алуға арналған кез келген көлік құралын білдіреді; бұл термин жартылай тіркемелерді де қамтиды;

r) «жартылай тіркеме» термині оның бір бөлігін автомобильге асып қойып, автомобильге тіркеуге арналған кез келген тіркемені білдіреді және автомобиль

жартылай тіркеме мен оның жүгі салмағының едәуір бөлігін тартады;

s) «жеңіл тіркеме» термині рұқсат етілген ең жоғары салмағы 750 кг-нан (1650 фунт) аспайтын кез келген тіркемені білдіреді;

t) «көлік құралдарының құрамы» термині жол қозғалысына біртұтас ретінде қатысатын, тіркелген көлік құралдарын білдіреді;

u) «жартылай тіркемесі бар көлік құралы» термині автомобиль мен оған тіркелген жартылай тіркемеден тұратын құрамды білдіреді;

v) «жүргізуші» («мал айдаушы») термині көлік құралын, автомобильді және т.б. (велосипедтерді қоса алғанда) басқаратын немесе жол бойында мал, табын, жегілген, теңдеп жүк артылған немесе салт мінетін жануарларды айдайтын кез келген адамды білдіреді;

w) «рұқсат етілген ең жоғары салмақ» термині тиелген көлік құралының көлік құралы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы рұқсат етілген ретінде жариялаған ең жоғары салмағын білдіреді;

x) «жүктемесіз салмақ» термині көлік құралының экипажсыз, жолаушыларсыз және жүксіз, бірақ толық отын қорын және қажетті аспаптардың жиынтығын қоса алғандағы салмағын білдіреді;

y) «жүктемесі бар салмақ» термині жүк тиелген көлік құралының, экипаждың және жолаушылардың нақты салмағын білдіреді;

z) «қозғалыс бағыты» және «қозғалыс бағытына сәйкестік» терминдері егер қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес көлік құралының жүргізушісі басқа көлік құралымен кездескен кезде оны сол жағынан өткізуге тиіс болса, оң жақты білдіреді; керісінше жағдайда бұл терминдер сол жақты білдіреді;

aa) жүргізушіге басқа көлік құралдарына «жол беру» жөніндегі нұсқама, егер жүргізушінің қозғалысты жалғастыруы немесе қайта бастауы немесе маневр жасауы басқа көлік құралдарының жүргізушілерін кенеттен қозғалыс бағытын немесе жылдамдықты өзгертуге мәжбүр ететін болса, оның мұндай іс-қимылдар жасауға тиіс еместігін білдіреді.

## **2-бап**

### **Конвенцияға қосымшалар**

Осы Конвенцияға төмендегі қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1-қосымша: Автомобильдер мен тіркемелерді халықаралық қозғалысқа жіберу міндеттемелерінен ауытқулар;

2-қосымша: Халықаралық қозғалыстағы автомобильдер мен тіркемелердің тіркеу нөмірі;

3-қосымша: Халықаралық қозғалыстағы автомобильдер мен тіркемелердің ерекшелік белгісі;

4-қосымша: Халықаралық қозғалыстағы автомобильдер мен тіркемелердің тану белгілері;

5-қосымша: Автомобильдер мен жүктемелерге қатысты техникалық шарттар;

6-қосымша: Ұлттық жүргізуші куәлігі;

7-қосымша: Халықаралық жүргізуші куәлігі.

### 3-бап

#### Уағдаласушы Тараптардың міндеттемелері

1. а) Уағдаласушы Тараптар өздерінің аумағында қолданылатын жол жүру ережелерінің өз мәні бойынша осы Конвенцияның II тарауының ережесіне сәйкес болуы үшін тиісті шаралар қабылдайды. Бұл ережелердің аталған ережеге қай жағынан болсын қайшы келмеу шартымен:

i) бұл ережелер осы Уағдаласушы Тараптың аумағында орын алмайтын жағдайларға қатысты ережелерді қамтымауы мүмкін;

ii) бұл ережелер II тарауда көзделмеген ережелерді қамтуы мүмкін.

б) Осы тармақтың ережелері Уағдаласушы Тараптарға олар өздерінің жол жүру ережелеріне енгізген, II тараудың кез-келген ережесін бұзғаны үшін санкциялар көздеуін міндеттемейді;

2. а) Уағдаласушы Тараптар өздерінің аумағында қолданылатын, автомобильдер мен тіркемелер сәйкес болуға тиісті техникалық шарттарға қатысты ережелердің осы Конвенцияға 5-қосымшаның ережесіне сәйкес болуы үшін тиісті шаралар қабылдайды; бұл ережелер осы ереженің 5-қосымшаның ережелерін айқындайтын қауіпсіздік ережесіне қай жағынан болсын қайшы келмеу шартымен 5-қосымшада көзделмеген ережелерді қамтуы мүмкін. Сонымен бірге олар өз аумақтарында тіркелген, халықаралық қозғалыстағы автомобильдер мен тіркемелердің осы Конвенцияға 5-қосымшаның ережесіне сәйкес болуы үшін тиісті шаралар қабылдайды.

б) Уағдаласушы Тараптардың аумағында қолданылатын ережелерге қатысты алғанда осы тармақтың ережелері бұл Тараптарға осы Конвенцияға байланысты автомобильдер болып табылмайтын механикалық көлік құралдары жауап беруге тиісті техникалық шарттарға қатысты қандайда бір міндеттемелер белгілемейді.

3. Осы Конвенцияға 1-қосымшада көзделген ауытқуларды ескере отырып, Уағдаласушы Тараптар өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа өздері осы Конвенцияның III тарауында көзделген талаптарға жауап беретін және жүргізушілері IV тараудың талаптарына жауап беретін автомобильдер мен тіркемелерді жіберуге міндеттенеді; сонымен қатар Уағдаласушы Тараптар III тараудың ережелеріне сәйкес берілген тіркеу туралы куәліктерді, егер олар берілген көлік құралдарының аталған III тарауда көзделген шарттарға жауап беретіні басқаша дәлелденбесе, куәландыратын ретінде тануға міндеттенеді.

4. Уағдаласушы Тараптардың өз аумақтарында осы Конвенцияның III тарауында көрсетілген барлық шарттарды қанағаттандырмайтын автомобильдер мен тіркемелерді халықаралық қозғалысқа жіберу және өз аумақтарында IV тарауда көзделген жағдайлардан басқа, қандайда бір басқа Уағдаласушы Тарап берген жүргізуші куәліктерін жарамды деп тану мақсатында қабылдаған немесе біржақты тәртіппен не екі жақты немесе көп жақты келісімге қол қою арқылы қабылдайтын шаралары осы Конвенцияның мақсаттарына сәйкес деп есептеледі.

5. Уағдаласушы Тараптар өз аумағында осы Конвенцияның V тарауында көзделген техникалық шарттарға жауап беретін және олардың жүргізушілерінің әдетте, басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрғылықты жері болатын велосипедтер мен аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді халықаралық қозғалысқа жіберуге міндеттенеді. Ешбір Уағдаласушы Тарап халықаралық қозғалыстағы велосипедтер мен аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің жүргізушілерінен жүргізуші куәлігінің бар-жоғын талап ете алмайды; дегенмен осы Конвенцияның 55-бабы 2-тармағының ережесіне сәйкес аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіруге қатысты мәлімдеме жасайтын Уағдаласушы Тараптар халықаралық қозғалыстағы аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің жүргізушілерінен жүргізуші куәлігінің бар - жоғын талап ете алады.

6. Әрбір Уағдаласушы Тарап кез келген Уағдаласушы Тарапқа оның өтініші бойынша, егер ұсынылған өтініште бұл көлік құралы осындай өтініш білдірген Уағдаласушы Тараптың аумағында орын алған жол-көлік оқиғасына қатысты екені көрсетілсе, өзінің аумағында атына автомобиль немесе автомобильге тіркеме тіркелген адамды анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты хабарлауға міндеттенеді.

7. Уағдаласушы Тараптардың халықаралық қозғалысты кедендік, полициялық, санитариялық немесе өзге де осындай формальдылықты оңайлату жолымен жеңілдету мақсатында қабылдаған немесе біржақты тәртіппен не екі жақты немесе көп жақты келісімге қол қою арқылы қабылдайтын шаралары, сондай-ақ бір ғана сол шекара пунктіндегі кеден бөлімшелері мен бекеттерінің құзыреті мен жұмыс уақытын сәйкес келтіруге бағытталған шаралар осы Конвенцияның тиісті мақсаттарына сәйкес деп есептеледі.

8. Осы баптың 3, 5 және 7-тармақтарының ережелері әрбір Уағдаласушы Тараптың өз аумағы бойынша автомобильдерді, тіркемелерді, велосипедтерді, аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді халықаралық қозғалысқа жіберуді, сондай-ақ олардың жүргізушілері мен жолаушыларын өздерінің жолаушылар мен жүктерді коммерциялық тасымалдау ережелеріне, өздерінің жүргізушілерді азаматтық жауапкершіліктен сақтандыру саласындағы ережелеріне және өзінің кедендік ережелеріне, сондай-ақ тіптен алғанда өздерінің жол қозғалысына қатысты емес салалардағы нұсқамаларына бағындыру құқығын пайдалануына кедергі келтірмейді.

## 4-бап

### Жол белгілері мен сигналдары

Венада осы Конвенциямен бірге бір мезгілде қол қою үшін ашық болатын Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылмайтын осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары:

а) өздерінің аумағында орнатылған барлық жол белгілері мен сигналдары, жарықтандыратын жол сигналдары мен жол таңбалары бірыңғай жүйені құрауы;

б) сигнал түрлері санының шектеулі болуы және сигналдарды олардың болуы пайдалы деп есептелетін жерлерге ғана орнату;

с) ескерту сигналы белгілерін олар туралы жүргізушілерді уақтылы ескертуге арналған кедергілерден жеткілікті ара қашықтықта орнату;

d ) м ы н а л а р ғ а :

i) қозғалысты реттеуге арналған сигнал белгісіне, оның тіреуішінде немесе кез келген басқа құрылғыда осы сигналдық белгіге немесе құрылғыға қатысы жоқ нәрселерді орнатуға тыйым салу үшін шаралар қабылдауға міндеттенеді; алайда, егер Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері материалдық пайда табу мақсатын көздемейтін қандай да бір қауымдастыққа нұсқау белгілерін орнатуға рұқсат етсе, олар белгілердің мағынасын түсінуді қиындатпайтын жағдайда осы қауымдастық эмблемасының осы белгіде немесе оның тіреуішінде белгіленуіне жол б е р у і м ү м к і н ;

ii) қозғалысты реттеуге арналған сигналдық белгілер немесе басқа да құрылғылар ретінде қабылдануы не олардың көрінуін немесе тиімділігін төмендетуі не жол пайдаланушылардың көздерін қарықтыруы немесе жол қозғалысына қауіп төндіре отырып, олардың назарын аударуы мүмкін плакаттарды, афишаларды орнатуға, таңбалар салуға және құрылғылар орнату үшін тыйым салу шараларын қабылдауға міндеттенеді.

## II тарау

### ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 5-бап

### Жол белгілері мен сигналдарының мағынасы

1. Жол пайдаланушылар жол белгілері мен сигналдарының, жарықтандыратын жол сигналдарының немесе жол таңбаларының нұсқамаларын, егер аталған нұсқамалар басқа қозғалыс ережелеріне қайшы келетін болып көрінсе де, оларды орындауға тиісті.

2. Жарықтандыратын жол сигналдарының нұсқамалары жүрудің басым құқығын айқындайтын жол белгілерінің нұсқамаларынан да басым болады.

## **6-бап**

### **Жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адамдардың сигналдары**

1. Жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адамдар жақсы танылатын және күндіз де, түнде де алыстан көрінетін болуға тиіс.

2. Жол пайдаланушылар жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адамдардың кез келген нұсқауын дереу орындауға тиіс.

3. Ұлттық заңнамада жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адамдардың нұсқаулары ретінде, атап айтқанда төменде берілген сигналдарды есептеуді көздеу ұсынылады:

а) тік көтерілген қол; бұл белгі жеткілікті қауіпсіздік жағдайларында тоқтап үлгері алмайтын жүргізушілерден басқа, жол пайдаланушылардың барлығы үшін «тоқта» сигналын білдіреді; бұдан басқа, егер бұл белгі көше қиылысында берілсе, қиылысқа шығып үлгерген жүргізуші қозғалысты жалғастыра береді;

б) көлденеңінен созылған қол немесе қолдар; бұл белгі олардың қозғалыс бағытына қарамастан, жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адам қолын немесе қолдарын созып көрсеткен бағытты қиып өтетін бағытпен қозғалатын барлық жол пайдаланушылар үшін «тоқта» сигналын білдіреді; осы сигналды бергеннен кейін реттеуші бір қолын немесе екі қолын төмен түсіруі мүмкін; бұл белгі ол кеудесімен немесе арқасымен қарап тұрған жүргізушілер үшін де «тоқта» сигналын білдіреді;

с) қызыл шамды тербелту; бұл белгі оларға қарай осы шам бағытталған жол пайдаланушылар үшін «тоқта» сигналын білдіреді.

4. Жол қозғалысын реттеуге уәкілетті адамдардың сигналдары жол белгілері мен сигналдарының және жарықтандыратын жол сигналдары мен жол таңбаларының нұсқамаларынан, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінен басым болады.

## **7-бап**

### **Жалпы ережелер**

1. Жол пайдаланушылар өздерін қозғалысқа қауіп немесе кедергілер жасамайтындай, адамдарға қауіп төндірмейтіндей және мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке меншік мүлікке залал келтірмейтіндей түрде ұстауға тиіс.

2. Ұлттық заңнамада жол пайдаланушылардың жол қозғалысын қысуы немесе жолға заттар немесе материалдар лақтырып, оларды жерге қойып немесе қалдырып немесе оған қандай да бір басқа кедергілер құрып, оның қауіпсіздігіне қатер төндірмеуге тиіс екенін көздеу ұсынылады. Осындай кедергі құрудан немесе осындай қауіп туғызудан құтыла алмаған жол пайдаланушылар оларды мүмкіндігінше барынша жылдам жою үшін және, егер оны дереу орындай алмаса, олар туралы басқа жол пайдаланушыларға ескеру үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

## **8-бап**

### **Жүргізушілер**

1. Қозғалыстағы әрбір көлік құралында немесе көлік құралдарының құрамында жүргізуші болуға тиіс.

2. Ұлттық заңнамада жүк артылған, жегілген немесе салт мінетін жануарлардың, сондай-ақ малдың және табынның (тиісті түрде белгіленген аймақтарды қоспағанда) мал айдаушысы болуға тиістігін көздеу ұсынылады.

3. Жүргізуші қажетті дене және психикалық қасиеттерге ие болуға тиіс және оның денесі мен ақыл-ойының жай-күйі оған көлік құралын басқаруға мүмкіндік беруге тиіс.

4. Механикалық көлік құралы жүргізушісінің көлік құралын басқару үшін қажетті білімі мен дағдысы болуға тиіс; алайда, бұл ереже ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес жүргізуге оқытуға кедергі болмайды.

5. Жүргізуші (мал айдаушы) әрқашан өзінің көлік құралын басқаруға (өз малдарын бағыттауға) қабілетті жағдайда болуға тиіс.

## **9-бап**

### **Жануарлардың табыны**

Ұлттық заңнамада малды, табынды айдауды жеңілдетуді мақсат тұтатын ауытқуларды қоспағанда, табындар шағындау ұзындығы бар бөліктерге бөлінуге тиістігін көздеу ұсынылады. Бұл бөліктердің арасындағы қашықтық қозғалыстың қолайлылығы үшін жеткілікті болуға тиіс.

## **10-бап**

### **Жүріс бөлігінде орналасу**

1. Тиісті жағдайларда айрықша немесе басты түрде екі басқа мемлекеттің арасындағы транзит үшін пайдаланылатын жолдарды қоспағанда, осы мемлекеттің барлық жолдарында қозғалыс бағыты бірдей болуға тиіс.

2. Жолда келе жатқан жануарларды мүмкіндігінше қозғалыстың бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне жақындатып айдаған жөн.

3. Көлік құралының жүргізушісі 7-баптың 1-тармағының, 11-баптың 6-тармағының өзгеше түрдегі ережесін және осы Конвенцияда қамтылған, қарама-қайшы сипаттағы басқа да ережелерді бұзбай, жағдай мүмкіндік беретін шамада қозғалыс бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне жақын жүруге тиіс. Алайда Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері жүк таситын көлік құралдарының жүріс бөлігінде орналасу ережелерін одан да нақты түрде реттеуі мүмкін.

4. Екі немесе үш жүріс бөлігі бар жолда көлік құралының жүргізушісі қозғалыс бағытына сәйкес келетін жаққа қарсы жүріс бөлігіне шықпауға тиіс.

5. а) Кем дегенде төрт қозғалыс жолағы бар екі жақты қозғалыс жолында көлік құралының жүргізушісі қарсы бағытта қозғалыс жасалып жатқан жолаққа шықпауға тиіс.

б) Кем дегенде үш қозғалыс жолағы бар екі жақты қозғалыс жолында көлік құралының жүргізушісі қарсы бағытта қозғалыс жасалып жатқан жүріс бөлігінің шеткі жолағына шықпауға тиіс.

## 11-бап

### Басып озу және қатардағы қозғалыс

1. а) Басып озу қозғалыс бағытына сәйкес келетін жаққа қарсы жақтан жасалады.

б) Алайда, егер басып озылатын жүргізуші (мал айдаушы) өзінің қозғалыс бағытына сәйкес келетін жаққа қарсы жаққа бұрылу ниеті туралы сигнал берсе және өзінің көлік құралын немесе өзінің жануарларын басқа жаққа бұру немесе жолдың жанындағы иелікке шығу не осы жақта тоқтау үшін осы жаққа қарай бағыттаса, басып озу қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтан жасалуға тиіс.

2. Басып озуды бастамас бұрын жүргізуші осы Конвенцияның 7-бабы 1-тармағының және 14-бабының ережелерін бұзбай, мыналарға:

а) соңынан келе жатқан бірде-бір жүргізушінің басып озуды бастамағанына;

б) өзінің алдында сол қозғалыс жолағымен қозғалып келе жатқан көлік құралының жүргізушісі өзінің басқа көлік құралын басып озуға ниет білдіргені туралы сигнал бермегеніне;

с) оның көлік құралының басып озу уақытындағы жылдамдығы мен басып озылатын жол пайдаланушылардың жылдамдығының айырмашылығын ескергенде, өзі шықпақшы болған қозғалыс жолағы өз маневрінің қарсы келе жатқан көлік құралдарының қозғалысына қатер төндірмеуі немесе қиындатпауы үшін жеткілікті түрдегі қашықтықта бос екеніне; және

д) қарсы қозғалысқа тыйым салынған жолаққа шығу жағдайларын қоспағанда, өзінің басып озылатын жол пайдаланушыға немесе пайдаланушыларға залал келтірместен, осы Конвенцияның 10-бабының 3-тармағында ұйғарылған орнына қайта орналасатынына көз жеткізуге тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелерін орындау үшін атап айтқанда, осы жерлерде бойлық таңба болатын және басып озу қарсы қозғалысқа арналған Жолаққа шықпай жасалатын жағдайларды қоспағанда, екі жақты қозғалысы бар жолдарда өрдің етегіне жақындаған кезде және көру мүмкіншілігі жеткіліксіз болғанда, бұрылыстарда басып озуға тыйым салынады.

4. Басып озу кезінде жүргізуші басып озылатын жол пайдаланушы немесе пайдаланушылар үшін бүйірден жеткілікті кеңістік қалдыруға тиіс.

5. а) Осы бағытта қозғалуға арналған кем дегенде екі жолағы бар жолдарда бірден



немесе өзі осы Конвенцияның 10-бабының 3-тармағында нұсқалған қатарына оралғаннан кейін лезде жаңадан басып озу жасауға мәжбүр болған көлік құралының жүргізушісі осы маневрді жасау үшін өзінен кейін үлкен жылдамдықта келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілеріне елеулі қиындықтар туғызбастан, осыны орындай алатынына алдын ала көз жеткізіп алып, өзі келе жатқан алғашқы басып озу жолағында қ а л а а л а д ы .

б) Алайда Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері велосипедтердің, аспалы қозғалтқышты велосипедтердің, мотоциклдердің және осы Конвенцияға сәйкес автомобиль деп есептелмейтін көлік құралдарының жүргізушілеріне, сондай-ақ рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 килограмнан (7700 фунттан) асатын немесе конструктивтік жылдамдығы сағатына 40 шақырымнан (сағатына 25 мильден) аспайтын автомобильдердің жүргізушілеріне осы тармақтың е р е ж е с і н қ о л д а н б а у ы м ү м к і н .

6. Осы баптың 5-тармағы «а» тармақшасының ережесі қолданылған кезде және қозғалыс көлік құралдарының тек қана осы бағытта қозғалуға арналған жүріс бөлігінің барлық енін алып қана қоймай, осы қатар бойынша алдында келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты жылдамдықпен қозғалатындай қарқынды б о л с а , о н д а

а) бір қатардың көлік құралдары екінші қатардың көлік құралдарына қарағанда үлкен жылдамдықпен қозғалады деген факт, осы баптың 9-тармағының ережелеріне залал келтірмей, осы бапқа сәйкес басып озу ретінде қарастырылмайды;

б) қозғалыс бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне барынша жақын қозғалыс жолағында келе жатпаған көлік құралының жүргізушісі оңға немесе солға бұрылыс жасау немесе тұраққа шығу мақсатында ғана қатардан шыға алады; дегенмен бұл талап, егер жүргізуші осы баптың 5-тармағының «b» тармақшасының нұсқамаларын орындау кезінде ұлттық заңнаманың ережесіне сәйкес бір қатардан екінші қатарға шығатын болса қолданылмайды.

7. Егер жолақтар жүріс бөлігінде ұзына бойлық таңбамен межеленген болса, осы баптың 5 және 6-тармақтарында баяндалған қатарларда қозғалу кезінде жүргізушілердің осы таңбаны басып өтуіне тыйым салынады.

8. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне және Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері көше қиылыстары мен темір жол өтпелерінде басып озуға қатысты ұйғара алатын басқа да шектеулерге залал келтірмей, көлік құралының б і р д е - б і р жү р г і з у ш і с і : а ) м ы н а д а й :

i) осы баптың 1-тармағының б) тармақшасында көзделген жағдайды;  
ii) онымен қозғалғанда көше қиылысында жүруге басым құқық берілетін жолда б а с ы п о з у ж а с а л а т ы н ж а ғ д а й д ы ;  
iii) көше қиылысындағы қозғалысты реттеуші немесе жарықтандыратын жол

сигналдары реттейтін жағдайды қоспағанда, тікелей көше қиылысының алдында және айналмалы қозғалысы бар қиылыстан өзге көше қиылысында;

б) шлагбаумсыз немесе жартылай шлагбаумсыз темір жол өтпелерінің тікелей алдында және, дегенмен Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері жол қозғалысы көлік құралдарының өтуіне рұқсат беретін шамы бар жарық жол сигналдарымен реттелетін темір жол өтпелерінде мұндай басып озуға рұқсат бере алатынын ескере отырып, осы өтпелерде екі доңғалақты велосипедтен, аспалы қозғалтқышы бар екі доңғалақты велосипедтен немесе арбасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге басқа көлік құралын басып озбауға тиіс.

9. Көлік құралы жолдың жүріс бөлігінде не таңбамен, не белгімен немесе сигналмен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесіне жақындап қалған немесе осы өтпенің алдына тікелей тоқтаған басқа көлік құралын өтпеде жаяу жүргіншілер болса, уақтылы тоқтауды қамтамасыз етуге жететін төменгі жылдамдықпен ғана басып оза алады. Осы тармақтың бірде-бір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің жаяу жүргіншілер өтпесіне дейінгі белгілі бір қашықтықтан бастап басып озуға тыйым салуы үшін немесе жаяу жүргіншілер өтпесінің алдында тоқтаған көлік құралын басып озуға ниеттенген көлік құралдарының жүргізушілеріне барынша қатаң талаптар қоюы үшін кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

10. Соңында келе жатқан жүргізушінің басып озу жасамақ ниетіне көз жеткізген жүргізуші осы Конвенцияның 16-бабы 1-тармағының «b» тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, жолдың қозғалыс бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне жақындап, жылдамдықты үдетпеуге тиіс. Егер жолдың жүріс бөлігінің жеткіліксіз ені, профилі немесе жай-күйі қарсы қозғалыстың қарқындылығын ескергенде ақырын жүретін, үлкен габаритті немесе белгілі бір жылдамдықты сақтауға мәжбүр болған көлік құралын жеңіл және қауіпсіз басып озуға мүмкіндік бермесе, соңғысының жүргізушісі қозғалысты бәсеңдетіп, қажет болған жағдайда алғашқы мүмкіндік болған кезде соңында келе жатқан көлік құралдарын өткізу үшін жол беруге т и і с .

11. а) Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері егер елді мекендерде кем дегенде екі қозғалыс жолағы және елді мекендерден тыс жерлерде үш қозғалыс жолағы бір ғана сол бағытта қозғалуға арналса және ұзына бойлық таңбамен белгіленсе, бір бағытта қозғалысы бар жолдарда және екі бағытта қозғалысы бар ж о л д а р д а :

i) бір қозғалыс жолағымен қозғалатын көлік құралдарына басқа қозғалыс жолағымен қозғалатын көлік құралдарын қозғалыс бағытына сәйкес жақтан басып о з у ғ а р ұ қ с а т е т е а л а д ы ;

ii) басқа қозғалыс жолағына шығу мүмкіндігін шектейтін тиісті нұсқамалар бар б о л ғ а н к е з д е ;

осы Конвенцияның 10-бабы 3-тармағының ережесін қолданбауы мүмкін;

б) жоғарыда, «а» тармақшасында көзделген жағдайда және осы баптың 9-тармағының ережелеріне нұқсан келтірілместен, мұндай озу осы Конвенцияның мағынасы бойынша басып озу деп есептелмейді.

## **12-бап**

### **Қарсы жол айрығы**

1. Қарсы жол айрығында көлік құралының жүргізушісі бүйірден жеткілікті бос кеңістік қалдыруға және қажет болған жағдайда жолдың қозғалыс бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне жақын жүруге тиіс; егер бұл ретте оның қозғалысы кедергілердің немесе басқа жол пайдаланушылардың болуына орай қиындаған болса, ол қозғалысты баяулатуға және қажет болған жағдайда, қарсы келе жатқан көлік құралын немесе көлік құралдарын өткізіп жіберу үшін тоқтауға тиіс.

2. Жол айрығы мүмкін емес немесе қиынға түсетін таулы жолдарда және осыған ұқсас сипаттамалары бар үлкен ылдиды жолдарда, айрыққа арналған жер өрге қарай келе жатқан көлік құралы көлік құралдарының жылдамдығы мен жағдайын ескере отырып, алдында тұрған айрыққа арналған жерде тоқтай алатындай, осыған байланысты көлік құралдары бірінің артқа жүруіне қажеттілік болмай қалатындай етіп жүріс бөлігін бойлай орналасатын жағдайларды қоспағанда, ылдидға қарай келе жатқан көлік құралының жүргізушісі тоқтауға және өрге қарай келе жатқан кез келген көлік құралына жол беруге міндетті. Егер қарсы келген екі көлік құралының бірі жол айрығы мақсатында артқа жүруге тиіс болса, мұндай маневрді өрге қарай келе жатқан жүргізушінің орындауы айтарлықтай жеңіл екені анық болатын жағдайларды қоспағанда, оны ылдидға қарай келе жатқан көлік құралының жүргізушісі жасауға міндетті. Дегенмен Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері кейбір көлік құралдары немесе кейбір жолдар немесе жол учаскелері үшін осы тармақ ережелерінен ерекшеленетін арнаулы ережелерді ұйғара алады.

## **13-бап**

### **Жылдамдық пен ара қашықтық**

1. Көлік құралының жүргізушісі кез келген жағдайда да қажетті сақтықты сақтау және өзі орындауға тиіс кез келген маневрді жүзеге асыруға әрқашан қабілетті болу үшін өзінің көлік құралына бақылауды сақтауға тиіс. Ол көлік құралы қозғалысының жылдамдығы өзгерген кезде қозғалыс бағытындағы нақты көзге көрінетін жағдайларда, сондай-ақ жүргізуші алдын ала көріп-біле алатын кез келген кедергінің алдында көлік құралын тоқтата алуы үшін мән-жайларды, атап айтқанда, жергілікті жердің рельефін, жолдың және көлік құралының жай-күйін, оның жүктемесін, атмосфералық жағдайларды және қозғалыстың қарқындылығын ұдайы ескеруге тиіс. Ол жылдамдықты баяулатуға және қажет болғанда, мән-жайлар осыны қажет еткенде,

әсіресе көзге көріну жағдайы қанағаттанарлықсыз болғанда, әрқашан тоқтауға тиіс.

2. Жүргізуші ешбір ерекше негізсіз ең төмен жылдамдықпен қозғалып, басқа көлік құралдарының қалыпты қозғалысын қиындатпауға тиіс.

3. Басқа көлік құралының соңынан келе жатқан көлік құралының жүргізушісі алда келе жатқан көлік құралы күтпеген жерде тежеу жасаған немесе тоқтаған жағдайда соқтығысты болғызбау үшін тиісті ара қашықтықты сақтауға тиіс.

4. Елді мекендерден тыс жерде басып озуды оңайлату мақсатында рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) асатын немесе габариттік ұзындығы 10 м (33 фут) асатын көлік құралдарының немесе көлік құралдары құрамдарының жүргізушілері, басып озу немесе басып озуды бастау кезін қоспағанда, өз көлік құралдары мен өздерінің алдында келе жатқан механикалық көлік құралдарының арасында өздерін басып озатын көлік құралдары қатардағы өздері басып озған көлік құралының алдындағы тиісті орнын толық қауіпсіздікпен қайта ала алатындай түрде ара қашықтықты ұстауға тиіс. Дегенмен осы ереженің өте қарқынды қозғалысқа да, басып озуға тыйым салу жағдайына да қатысы жоқ. Бұдан басқа,

а) құзыретті органдар кейбір көлік құралдарының құрамдары үшін осы ережеден ауытқуды немесе оны екі жолағы осы бағытта қозғалуға арналған жолдарда да қолданбауды көздеуі мүмкін;

б) Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері көлік құралдарының сипаттамасы үшін осы тармақта көрсетілгеннен ерекшеленетін және олардан бастап осы ереже қолданылатын шамаларды белгілей алады.

5. Осы Конвенцияның ешбір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің барлық көлік құралдарына немесе көлік құралдарының кейбір санаттарына жалпы немесе жергілікті жылдамдықты шектеуді нұсқауға немесе кейбір жолдарда немесе жолдардың кейбір санаттарында не болмаса ең төменгі және ең жоғары жылдамдықты не болмаса ең жоғары және ең төменгі жылдамдықты нұсқауға немесе жолдарда ерекше, атап айтқанда салмағы мен жүктемесінің салдарынан қауіп төндіретін, көлік құралдарының кейбір санаттарының болуымен негізделген ең аз ара қашықтықты нұсқауына кедергі келтіретіндей түрде түсіндірілмеуге тиіс.

## **14-бап**

### **Маневрлерге қатысты жалпы нұсқамалар**

1. Қандай да бір маневр жасауға, мысалы тұрақта тұрған көлік құралдарының қатарынан шығуға немесе оған кіруге, жолдың жүріс бөлігінің оң жағын немесе сол жағын алуға, басқа жолға шығу немесе жол жанындағы иелікке кіру үшін солға немесе оңға бұрылысты орындауға ниеттенген жүргізуші бұл маневрді өзінің соңында, алдында немесе қарсы келе жатқан жол пайдаланушыларға қауіп төндірмей орындай алатынына көз жеткізгеннен кейін және олардың жағдайын, қозғалыс бағытын және

жылдамдықты ескере отырып қана жасайды.

2. Кері бұрылуды немесе артқа жүруді орындауға ниеттенген жүргізуші өзінің бұл маневрді басқа жол пайдаланушыларға қауіп төндірмей және оларға кедергі жасамай орындай алатынына көз жеткізуге тиіс.

3. Бұрылу немесе бір жағына қарай қозғалумен байланысты маневр жасау алдында жүргізуші өзінің ниеті туралы өз көлік құралының бұрылу көрсеткішін немесе көрсеткіштерін қосу немесе ондайлар болмаған жағдайда, егер мүмкін болса, қолымен тиісті сигнал беру арқылы анық және дер кезінде ескертуге тиіс. Бұрылыс көрсеткішінің немесе көрсеткіштерінің көмегімен берілетін сигнал маневр жасаудың барлық уақыты ішінде берілуге және ол аяқталғаннан кейін дереу тоқтатылуға тиіс.

## **15-бап**

### **Қалалық көліктің тұрақты желілерінде тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарына қатысты ерекше нұсқамалар**

Ұлттық заңнамада қалалық көліктің тұрақты желілерінде тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын жеңілдету үшін елді мекендерде, осы Конвенцияның 17-бабы 1-тармағының нұсқамалары сақталған жағдайда, басқа көлік құралдарының жүргізушілері осы ортақ пайдаланудағы көлік құралдарының тиісті түрде белгіленген аялдамадан шығу үшін қажетті маневр жасауына мүмкіндік беру үшін қозғалысты баяулатуға және қажет болған жағдайда тоқтауға тиіс екендігін көздеу ұсынылады. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері нұсқаған осындай ережелер ортақ пайдаланудағы көлік құралдарының жүргізушілерін бұрылыс көрсеткіштерінің көмегімен қозғалысты қайта жалғастыру ниеті туралы сигнал бергеннен кейін жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдау міндеттерінен босатпайды.

## **16-бап**

### **Қозғалыс бағытын өзгерту**

1. Басқа жолға шығу немесе жол жанындағы иелікке кіру үшін оңға немесе солға бұрылар алдында жүргізуші осы Конвенцияның 7-бабы 1-тармағының және 14-бабының ережелерін бұзбай,

а) егер ол жолдан қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтан шығуға ниеттенсе, жолдың осы бағытқа сәйкес келетін жүріс бөлігінің шетіне мүмкіндігінше жақындауға және содан соң мүмкіндігінше қысқа маневр жасауға;

б) егер ол жолдан басқа жағынан шығуға ниеттенсе, Уағдаласушы Тараптарда немесе олардың аумақтық бөлімшелерінде велосипедтер мен аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер үшін өзгеше ережелер нұсқауға мүмкіндігі болу шартымен, қаншалықты

мүмкін болуына қарай жүріс бөлігінің осіне (екі бағытта қозғалысы бар жолдарда) немесе қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтың қарсы шетіне (бір бағытта қозғалысы бар жолдарда) жақындауға, ал егер ол екі бағытта қозғалысы бар басқа жолға шығуға ниеттенсе, осы басқа жолдың жүріс бөлігіне қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтан шығатындай түрде бұрылыс жасауға тиіс.

2. Қозғалыс бағытын өзгертуге байланысты маневр жасаған кезде жүргізуші жаяу жүргіншілерге қатысты осы Конвенцияның 21-бабының ережелерін бұзбай, өзі шықпақшы болған жүріс бөлігі бойынша қарсы бағытта келе жатқан көлік құралдарын, сондай-ақ өзі шығып келе жатқан жүріс бөлігін қиып өтетін велосипед жолымен келе жатқан велосипедтер мен аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді өткізіп жіберуге тиіс.

## **17-бап**

### **Қозғалысты баяулату**

1. Көлік құралының жүргізушісі, егер бұл қауіпсіздік мақсатында талап етілмесе, кенеттен тежемеуге тиіс.

2. Жылдамдығын едәуір төмендетуге ниеттенген жүргізуші, егер бұл төмендету тікелей қауіптіліктен туындамаса, алдын ала оны басқа жол пайдаланушылар үшін қауіптілік тудырмай және олардың қозғалысына артық қиындықтар жасамай орындай алатынына көз жеткізуге тиіс. Бұдан басқа, жүргізуші өзінің соңында көлік құралдарының жоғына немесе олардың біршама алыс қашықтықта екеніне көз жеткізген жағдайларды қоспағанда, өзінің қозғалысты баяулату ниеті туралы қолымен тиісті белгі беру арқылы анық және дер кезінде көрсетуге тиіс; дегенмен бұл ереже, егер жылдамдықты төмендету туралы сигнал осы Конвенцияға 5-қосымшаның 31-тармағында айтылған, көлік құралдарындағы тоқтау сигналдары арқылы берілсе, қолданылмайды.

## **18-бап**

### **Көше қиылыстары және жол беру міндеті**

1. Көше қиылысына жақындаған кезде жүргізуші жергілікті жағдайларға қарай ерекше сақтық танытуға тиіс. Жүргізуші, атап айтқанда, көлік құралын жүрудің басым құқығына ие көлік құралдарын өткізу үшін тоқтату мүмкіндігі болатындай жылдамдықпен жүруге тиіс.

2. Ауыл аралық немесе қара жолдан ауыл аралық немесе қара жол болып табылмайтын жолға шығатын жүргізуші осы жолмен келе жатқан көлік құралдарына жол беруге міндетті. Осы баптың мақсаттары үшін «ауыл аралық жол» және «қара жол» терминдерінің мағыналары ұлттық заңнамада айқындалуы мүмкін.

3. Жол жанындағы иеліктен жолға шығатын жүргізуші осы жолмен келе жатқан

көлік құралдарына жол беруге міндетті.

4. Осы баптың 7-тармағының ережесін сақтау шартымен:

а) оң жақты қозғалыс белгіленген мемлекеттерде осы баптың 2-тармағында және осы Конвенцияның 25-бабының 2 және 4-тармақтарында айтылғандардан өзге көше қиылыстарында көлік құралының жүргізушісі өзінен оң жақта келе жатқан көлік құралдарына жол беруге міндетті;

б) аумағындағы қозғалыс сол жақты болып табылатын Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері көше қиылыстары арқылы жүру кезектілігінің ережелерін өз қалауынша айқындауға құқылы.

5. Егер өзі көше қиылысында тоқтауға мәжбүр болатындай, сөйтіп көлденең бағыттағы қозғалысқа бөгеуіл немесе кедергі жасайтындай кептелу қалыптасса, жүргізуші тіпті жарық сигналдары жүруге рұқсат берсе де, көше қиылысына шықпауға тиіс.

6. Қозғалыс жарық жол сигналдарымен реттелетін көше қиылысына шыққан жүргізуші өзіне қажетті бағыттағы қозғалыстың ашылуын күтпестен, дегенмен бұл қозғалысы ашық бағыттағы басқа жол пайдаланушылардың қозғалысына кедергі болмау шартымен, көше қиылысынан шыға алады.

7. Көше қиылыстарында рельссіз көлік құралдарының жүргізушілері рельсті көлік құралдарына жол беруге міндетті.

## 19-бап

### Темір жол өтпелері

Әрбір жол пайдаланушы темір жол өтпесіне жақындағанда және өтпеден жүріп өткенде ерекше сақтық танытуға тиіс. Атап айтқанда:

а) көлік құралының жүргізушісі бәсең жылдамдықпен жүруге тиіс;

б) ешбір жол пайдаланушы тоқтауды ұйғаратын жарық немесе дыбыстық сигналдың көрсеткішін ескере отырып, шлагбаумы немесе жартылай шлагбаумы жабық немесе жабылып жатқан немесе жартылай шлагбаумы енді көтеріле бастаған темір жол өтпесіне шықпауға тиіс;

с) егер темір жол өтпесі шлагбауммен, жартылай шлагбауммен немесе жарықтандыратын сигналдармен жабдықталмаса, ешбір жол пайдаланушы өтпеге ешқандай рельсті көлік құралының жақындап қалмағанына көз жеткізбестен, одан жүріп өтуге тиіс емес;

4) жол пайдаланушы темір жол өтпесінен іркілмей өтуге тиіс; көлік құралы мәжбүрлі түрде тоқтаған кезде, жүргізуші оны темір жол төсенішінен алып шығуға тырысуға тиіс, ал егер ол оны істей алмаса, рельсті көлік құралдарының машинистерін қауіптілік туралы дер кезінде ескерту үшін өзіне байланысты барлық шараларды дереу қабылдайды.

## 20-бап

### Жаяу жүргіншілерге қатысты нұсқамалар

1. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері жаяу жүргіншілердің жолдың жүріс бөлігіндегі қозғалысы көлік құралдарының қозғалысын қиындатқан немесе оған қатер төндірген жағдайларда ғана осы баптың ережесі қолданылады деп ұйғара алады.

2. Егер жолдың жүріс бөлігінің шетінде жаяу жүргіншілердің қозғалысы үшін жарамды тротуар немесе жолдың жағалауы болса, соңғылар оларды пайдалануға тиіс. Әйтсе де, қажетті алдын ала сақтандыру шараларын қабылдай отырып,

а) егер олардың тротуар немесе жолдың жағалауы бойынша қозғалуы басқа жаяу жүргіншілер үшін елеулі бөгеуіл болатын болса, рабайсыз үлкен нәрселерді тасымалдап немесе тасып келе жатқан жаяу жүргіншілер жүріс бөлігімен жүре алады;

б) жетекшілері басқаратын немесе өздері салтанатты шеруді білдіретін жаяу жүргіншілердің топтары жүріс бөлігімен жүре алады.

3. Тротуарлар немесе жолдың жағалауы болмаған кезде немесе оларды пайдалану мүмкін болмаған жағдайда жаяу жүргіншілер жүріс бөлігімен жүре алады; егер велосипедке арналған жол болса және егер қозғалыс қарқындылығы бұған мүмкіндік берсе, олар дегенмен, велосипедтердің және аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің жүргізушілерінің қозғалысын қиындатпай, велосипедке арналған осы жолмен жүре алады.

4. Жаяу жүргіншілер осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жолдың жүріс бөлігімен жүрсе, олар жүріс бөлігінің шетіне мүмкіндігінше жақын болуға тиіс.

5. Ұлттық заңнамада жолдың жүріс бөлігімен жүріп келе жатқан жаяу жүргіншілер қозғалыс бағытына қарсы жақты (егер бұл олардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе) ұстануға тиіс; дегенмен велосипед, аспалы қозғалтқышы бар велосипед немесе мотоцикл жүргізіп келе жатқан адамдар әрқашан жолдың қозғалыс бағытына сәйкес келетін жүріс бөлігі жағын ұстануға тиіс; бұл ереже жетекшілері басқаратын немесе өздері салтанатты шеруді білдіретін жаяу жүргіншілердің топтарына да қатысты. Салтанатты шерулерді қоспағанда, түнде немесе көрінуі нашар жағдайларда, сондай-ақ күндіз жүріс бөлігімен жүріп келе жатқан жаяу жүргіншілер, егер оны көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығы талап етсе, мүмкіндігінше бірінің соңынан бірі тізіліп жүруге тиіс.

6. а) Жаяу жүргіншілер алдын ала сақтық шараларын қабылдамай, жолдың жүріс бөлігін кесіп өтпеуге тиіс; олар егер жақын маңда болса жаяу жүргіншілер өтпесін пайдалануға тиіс.

б) Таңбамен немесе тиісті белгімен немесе сигналмен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесінен өткен кезде:

і) егер жаяу жүргіншілер өтпесінде жаяу жүргіншілер үшін жарық сигналдары



болса, соңғылары осы сигналдардың нұсқауларына бағынуға тиіс;

ii) егер жаяу жүргіншілер өтпесінде мұндай белгілер немесе сигналдар болмаса, бірақ көлік құралдарының қозғалысын жарық жол сигналдары немесе реттеуші реттесе, жаяу жүргіншілер жарық сигналы немесе реттеушінің белгісі көлік құралының қозғалысына рұқсат бергенше жүріс бөлігіне шықпауға тиіс;

iii) жүргіншілер өзге өтпелерде, жақындап қалған көлік құралдарына дейінгі қашықтықты және олардың жылдамдығын бағаламай, жолдың жүріс бөлігіне шықпауға тиіс ;

с) Таңбамен немесе тиісті белгімен немесе сигналмен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесінен тыс жүріс бөлігінен өткен кезде, жаяу жүргіншілер көлік құралдарының қозғалысын қиындатпай, осыны істей алатынына көз жеткізбей, жүріс бөлігіне шықпауға тиіс .

d) Жолдың жүріс бөлігіне шыққаннан кейін жаяу жүргіншілер өздерінің өтетін аралығын ұзартпауға, онда қажеті болмағанда іркілмеуге немесе тоқтамауға тиіс.

7. Дегенмен Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері жүріс бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер үшін неғұрлым қатаң ережелер нұсқауы мүмкін.

## **21-бап**

### **Жүргізушілердің жаяу жүргіншілерге қатысты мінез-құлық ережелері**

1. Таңбамен немесе тиісті белгімен немесе сигналмен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесінде осы Конвенцияның 7-бабы 1-тармағының, 11-бабы 9-тармағының және 13-бабы 1-тармағының ережесіне нұқсан келтірместен, мынадай нұсқамалар орындалуға тиіс :

a) егер осындай жаяу жүргіншілер өтпесіндегі көлік құралдарының қозғалысын жарық жол сигналдары немесе реттеуші реттесе, қозғалысқа тыйым салатын сигнал болған кезде жүргізушілер өтпенің алдында тоқтауға тиіс, ал олар қозғалысты жалғастыруға рұқсат алғанда, жүріс бөлігіне шығып үлгерген және жолдан осы Конвенцияның 20-бабында көзделген жағдайларда өтіп бара жатқан жаяу жүргіншілерге кедергі жасамауға тиіс; егер жүргізуші өзі шығатын басқа жолда жаяу жүргіншілер өтпесі болса, оған шығуға бұрылыс жасаған кезде, бұрылысты аз жылдамдықта және осы Конвенцияның 20-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда өтпеге жақындаған немесе өте бастаған жаяу жүргіншілерді (қажет болғанда тоқтап) өткізіп барып орындайды;

b) егер осы өтпедегі көлік құралдарының қозғалысын жарық жол сигналдары да, реттеуші де реттемесе, жүргізушілер өтпеге кірген немесе өте бастаған жаяу жүргіншілерге қауіп төндірмеу үшін осы өтпеге жақындаған кезде тиісті түрде жылдамдықты төмендетуге тиіс; қажет болған жағдайда тоқтап, жаяу жүргіншілерді

ө т к і з і п

ж і б е р у і

к е р е к .

2. Қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтан, тиісті түрде белгіленген аялдамада тұрған, ортақ пайдаланудағы көлік құралының жанынан өтуге ниеттенген жүргізушілер жылдамдықты төмендетуге және қажет болған жағдайда, қоғамдық көлік жолаушыларының мінуі мен түсу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тоқтауға тиіс.

3. Осы баптың бірде-бір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың а у м а қ т ы қ б ө л і м ш е л е р і н і ң :

- осы Конвенцияның 20-бабында көзделген жағдайларда жаяу жүргіншілер таңбалармен немесе белгілермен және сигналдармен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесіне кірген немесе одан өте бастаған барлық жағдайда көлік құралдарының жүргізушілеріне тоқтауды нұсқауына, немесе - тіпті егер бұл жерде таңбалармен немесе белгілер және сигналдармен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпесі болмаған жағдайда да көше қиылысында немесе оған жақын жерде жүріс бөлігіне кірген жаяу жүргіншілердің қозғалысына жүргізушілердің кедергі жасауына тыйым салуына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

## 22-бап

### Қауіпсіздік аралдары

Жүргізуші өзі қозғалып келе жатқан жүріс бөлігінде орнатылған Қауіпсіздік аралдарын, бағаншыларды және басқа да құрылғыларды осы Конвенцияның 10-бабының ережесін бұзбай, оң жағынан немесе сол жағынан айналып өте алады, бұған м ы н а д а й :

а) сигнал белгісі қауіпсіздік аралын, бағаншыны немесе құрылғыны қай жағынан айналып өту керектігін ұйғаратын;

б) қауіпсіздік аралы, бағаншы немесе құрылғы екі жақты қозғалысы бар жолдардың жүріс бөлігінің осінде болатын жағдайлар қосылмайды; соңғы жағдайда жүргізуші қауіпсіздік аралын, бағаншыны және басқа да құрылғыны қозғалыстың бағытына сәйкес келетін жақтан айналып өтуге тиіс.

## 23-бап

### Аялдама және тұрақ

1. Елді мекендерден тыс жерлерде аялдайтын немесе тұрақта тұратын көлік құралдары мен жануарлар мүмкіндігінше жүріс бөлігінен тыс жерде болуға тиіс. Олар велосипед жолдарында да, тротуарларда (ұлттық заңнамада рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда) немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдың жағалауында да б о л м а у ғ а т и і с .

2. а) Жүріс бөлігіне аялдайтын немесе тұрақта тұратын жануарлар және көлік құралдары мүмкіндігінше жүріс бөлігінің шетіне жақын болуға тиіс. Жүргізуші өзі

үшін қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақтың жүріс бөлігіне ғана аялдауы немесе көлік құралын тұраққа қоюы мүмкін; дегенмен, егер рельсті жолдардың болуына байланысты қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақта тоқтау мүмкін болмаса, жүріс бөлігінің басқа жағында аялдауға немесе тұраққа рұқсат етіледі. Бұдан басқа, Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері:

i) белгілі бір жағдайларда, мысалы қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақта тоқтауға тыйым салатын жол белгілері болса, жолдың жүріс бөлігінің басқа жағында аялдауға немесе тұраққа рұқсат бере алады;

ii) бір бағытта қозғалысы бар жолдың жүріс бөлігінде - басқа жақта немесе сонымен бір мезгілде қозғалыс бағытына сәйкес келетін жақта ғана аялдауға және тұраққа р ұ қ с а т б е р е а л а д ы ;

iii) арнайы белгіленген жерлерде жүріс бөлігінің ортасында аялдауға және тұраққа р ұ қ с а т б е р е а л а д ы .

b) Ұлттық заңнамада өзгеше ереже болмағанда, екі доңғалақты велосипедтерді, аспалы қозғалтқышы бар екі доңғалақты велосипедтерді және коляскасыз екі доңғалақты мотоциклдерді қоспағанда, көлік құралдары жүріс бөлігінде екі қатар болып аялдауға немесе тұраққа тұруға тиіс емес. Конфигурациясы көлік құралдарының өзгеше орналасуына рұқсат беретін жерлерді қоспағанда, аялдаған немесе тұрақта тұрған көлік құралдары жүріс бөлігінің шетіне параллель орналасуға тиіс.

3. a) Жолдың жүріс бөлігінде көлік құралдарының әрбір аялдамасы мен тұрағына:

i) жаяу жүргіншілер өтпелерінде, велосипедшілерге арналған өтпелерде және темір ж о л ө т п е л е р і н д е ;

ii) бұл трамвайлар мен поездардың қозғалысын қиындатса, жолдан өтетін немесе осы жолдарға жақын трамвай жолдары мен темір жолдарда, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптарға немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне қарама-қайшы ереже көздеу мүмкіндігі берілу шартымен - тротуарларда және велосипед жолдарында тыйым с а л ы н а д ы .

b) Көлік құралының әрбір аялдамасы мен тұрағына ол қауіп төндіруі мүмкін кез келген ж е р д е , а т а п а й т қ а н д а :

i) арнайы белгіленген жерлерді қоспағанда, эстакада мен туннельде;

ii) сынықтарға жақын жолдың жүріс бөлігінде және осы учаскедегі көлік құралдарының жылдамдығын ескере отырып, көлік құралының қауіпсіз айналып өтуі үшін көрініс жеткіліксіз болатын жағдайларда бұрылыстарда;

iii) оған шығуға тыйым салатын ұзына бойлық таңба мен аялдаған көлік құралының арасындағы ара қашықтық 3 м (10 фут) аз болса және, егер бұл ретте осы баптың 3-тармағы «b» «ii» тармақшасының ережесі қолданылмаса, тыйым салынады.

c) Жолдың жүріс бөлігінде әрбір көлік құралының тұрағына:

i) темір жол өтпелеріне, көше қиылыстарына, автобустардың, троллейбустардың немесе рельсті көлік құралдарының аялдамасына ұлттық заңнамада белгіленген ара

қ а ш ы қ т ы қ т а н ж а қ ы н ж е р л е р д е ;  
ii) қақпадан шығатын жердің қарсы бетінде;  
iii) тұрақтағы көлік құралы басқа көлік құралының өзінің әдеттегі тұрағына кіруіне немесе одан шығуына кедергі жасайтын кез келген жерде;  
iv) үш қозғалыс жолағынан тұратын жолдың жүріс бөлігінің ортасындағы жолақта және елді мекендерден тыс жерлерде басты жол ретінде тиісті белгілермен немесе сигналдармен белгіленген жолдың жүріс бөлігінде;  
v) тұрақтағы көлік құралы жол пайдаланушыларға жол белгілерін немесе жарық жол сигналдарын көрсетпей тұратын жерлерде тыйым салынады.

4. Жол-көлік оқиғасын болдырмау, ал егер әңгіме автомобильдер туралы болса, оны тиісті рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу үшін қажетті сақтық шараларын қабылдамай отырып, жүргізуші - өз көлік құралын, ал мал айдаушы өз малдарын қалдырмауға тиіс.

5. Ұлттық заңнамада елді мекеннен тыс жерлерде жолдың жүріс бөлігіне аялдаған, аспалы қозғалтқышы бар екі доңғалақты велосипедтен немесе коляскасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге әрбір механикалық көлік құралы, сондай-ақ тягачқа тіркелген немесе тіркелмеген әрбір тіркеме:

а) егер көлік құралы түнде жүріс бөлігінде жақындап қалған жүргізушілер аялдаған көлік құралы ретіндегі кедергіні көре алмайтындай жағдайда тоқтаса;

б) егер басқа жағдайларда жүргізуші өз көлік құралын аялдауға тыйым салған орында тоқтатуға мәжбүр болса, ол туралы жақындап қалған жүргізушілерді уақтылы ескерту үшін барынша қолайлы жерде орнатылған, жоқ дегенде бір құрылғының көмегімен біршама қашықтықтан белгіленуге тиіс.

6. Осы баптың бірде-бір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің тұрақ пен аялдамаға өзгеше тыйым салуды көздеуіне кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

## **24-бап**

### **Көлік құралдарының есіктері**

Бұл басқа жол пайдаланушылар үшін қауіп тудырмайтынына көз жеткізбей, көлік құралдарының есіктерін ашуға, оларды ашық қалдыруға немесе көлік құралынан шығуға тыйым салынады.

## **25-бап**

### **Автомагистральдар және оған ұқсас жолдар**

1. Автомагистральдарда және, егер бұл ұлттық заңнамада көзделсе, автомагистральдарға арнайы шығатын жерлерде және олардан түсетін жерлерде:

а) жаяу жүргіншілердің, жануарлардың, велосипедтердің, егер олар мотоциклдерге теңестірілмесе, аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің, автомобильдер мен олардың

тіркемелерінен өзге барлық көлік құралдарының, сондай-ақ тегіс жолдағы конструктивті жылдамдығы ұлттық заңнамада белгіленген белгілі бір шамаға жете алмайтын автомобильдер мен олардың тіркемелерінің қозғалысына тыйым салынады;

б) жүргізушілерге:

i) бұл үшін арнайы белгіленген тұрақ орнынан өзге жерлерде көлік құралын тоқтатуға немесе оны тұраққа қоюға тыйым салынады. Өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша аялдауға мәжбүр болған жүргізуші көлік құралын жүріс бөлігінен, сондай-ақ мәжбүрлі аялдау жолағынан шығаруға тырысуы тиіс, егер ол оны істей алмаса, жақындап қалған жүргізушілерді уақтылы ескерту үшін дереу көлік құралын жеткілікті қашықтықтан белгілеуге тиіс;

ii) артқы жүріспен кері бұрылуға немесе қозғалуға немесе ортадағы бөлу жолағына және жолдың екі жүріс бөлігінің көлденең қосылысына шығуға тыйым салынады.

2. Автомагистральға шығатын кезде жүргізушілер:

а) кіре беріс жолдың жалғасы болып табылатын қозғалысты үдету жолағы болмағанда автомагистраль бойынша қозғалып келе жатқан көлік құралдарын өткізуге;

б) үдету жолағы болғанда - оған шығу а және осы Конвенцияның 14-бабы 1 және 3-тармақтарының нұсқамаларына сәйкес автомагистральдағы қозғалысқа қосылуға тиіс.

3. Автомагистральдан шығар кезде жүргізуші автомагистральдан түсетін жерге іргелес жолаққа дер кезінде шығып, егер қозғалысты баяулату жолағы болса, оған мүмкіндігінше тезірек шығуға тиіс.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының ережелерін қолданған кезде автомобиль қозғалысына арналған және жол жанындағы иеліктерге қызмет көрсетпейтін, тиісті түрде белгіленген басқа да жолдар автомагистральдарға теңестіріледі.

## **26-бап**

### **Шерулерге және мүгедектерге қатысты ерекше ережелер**

1. Жол пайдаланушыларға жетекшісінің басшылығымен сап түзеп келе жатқан әскери колонналарды, мектеп оқушыларының топтарын және басқа шерулерді қиып өтуге тыйым салынады.

2. Өздері әрекетке келтіретін немесе жаяу жүргіншінің жылдамдығына сәйкес келетін коляскаларда қозғалатын мүгедектер осындай қозғалыс үшін жарамды тротуарлар мен жолдың жағалауларын пайдалана алады.

## **27-бап**

### **Велосипедтердің, аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің және мотоциклдердің жүргізушілеріне қатысты ерекше ережелер**

1. Осы Конвенцияның 10-бабы 3-тармағының ережесіне қарамастан, Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері велосипедтердің жүргізушілеріне бір қатарда бірнеше адам болып қозғалуға тыйым салмауы мүмкін.

2. Велосипедтердің жүргізушілеріне рульді ең болмағанда бір қолмен ұстамай қозғалуға, сүйретпе ретінде басқа көлік құралдарын пайдалануға немесе басқаруға кедергі жасайтын немесе басқа жол пайдаланушылар үшін қауіп төндіретін нәрселерді тасымалдауға, сүйретпеге алуға немесе итеруге тыйым салынады. Осындай ереже аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің және мотоциклдердің жүргізушілеріне де қолданылады, бірақ бұдан басқа жағдайда олар, осы Конвенцияның 14-бабының 3-тармағында баяндалған сигнал беру қажет болатын жағдайларды қоспағанда, рульді екі қ о л ы м е н ұ с т а у ғ а т и і с .

3. Велосипедтердің және аспалы қозғалтқышы бар велосипедтердің жүргізушілеріне жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады; дегенмен Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері бұл ережеден ауытқуға рұқсат беруі мүмкін, атап айтқанда велосипедке орнатылған қосымша отырғышта ( отырғыштарда) жолаушыларды тасымалдауға рұқсат бере алады. Мотоциклдердің жүргізушілеріне жолаушыларды тек коляскада (егер ондай болса) және жүргізушінің артына жабдықталған қосымша отырғышта тасымалдауға рұқсат беріледі.

4. Велосипед жолдары бар болғанда Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері велосипедтердің жүргізушілеріне велосипед жолдарынан тыс жүріс бөлігінде қозғалуға тыйым сала алады. Бұл жағдайда олар аспалы қозғалтқышы бар велосипед жүргізушілеріне велосипед жолдарында жүруіне рұқсат беруі және, егер олар мұны қажет деп тапса, олардың велосипед жолдарынан тыс жүріс бөлігінде қозғалуына тыйым салуы мүмкін.

## 28-бап

### Дыбыс және жарық сигналдары

1. Дыбыс және жарық сигнал құралдары:

- а) жол-көлік оқиғасын болдырмау тұрғысынан дер кезінде ескерту үшін;
- б) елді мекендерден тыс жерлерде, басқа көлік құралының жүргізушісін басып озу жасау ниеті туралы ескерту керек болғанда ғана қолданылады.

Дыбыс сигналдары қажеттен тыс ұзақ болмауы керек.

2. Автомобильдердің жүргізушілері қараңғы түскеннен бастап және таң атқанға дейін дыбыс сигналдарының орнына осы Конвенцияның 33-бабының 5-тармағында көзделген жарық сигналдарын бере алады. Олар мұны егер ол мән-жайларға барынша сай келсе, осы баптың 1-тармағының «b» тармақшасында көрсетілген мақсаттарда кү н д і з д е і с т е й а л а д ы .

3. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері жарық

сигналдарын осы баптың 1-тармағының «b» тармақшасында көрсетілген мақсаттарда, сондай-ақ елді мекендерде беруге рұқсат бере алады.

## **29-бап**

### **Рельсті көлік құралдары**

1. Егер жолдың жүріс бөлігі бойынша рельсті жол өтсе, әрбір жол пайдаланушы трамвай немесе басқа да рельсті көлік құралы жақындаған кезде, рельсті көлік құралын өткізіп жіберу үшін жолды барынша тез босатуға тиіс.

2. Рельсті көлік құралдарының автомобиль жолдары бойынша қозғалысына, осы көлік құралдарымен қарсы жүруіне немесе олардың басып озуына қатысты Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері осы тарауда көзделген ережелерден ерекшеленетін арнайы ережелер қабылдауы мүмкін. Дегенмен Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері Конвенцияның 18-бабы 7-тармағының ережелеріне қайшы келетін ережелер қабылдай алмайды.

## **30-бап**

### **Көлік құралдарының жүгі**

1. Егер көлік құралы үшін рұқсат етілген ең жоғары салмақ белгіленген болса, онда көлік құралының жүктемемен қоса салмағы ешқашан да рұқсат етілген ең жоғары салмақтан аспауға тиіс.

2. Кез келген жүк көлік құралында жайластырылуға және қажет болған жағдайда ол :

a) адамдарға қауіп төндірмеу және мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке меншік мүлікке залал келтірмеу, атап айтқанда сүйретілмеу немесе жолға түспеу;

b) көру мен шолып қарау жағдайын шектемеу, көлік құралының орнықтылығын бұзбау және оны басқаруды қиындатпау;

c) шу шығармау, шаң көтермеу және оларды болдырмауға болатын ыңғайсыздық тудырмау ;

d) тоқтау сигналдары мен бұрылу көрсеткіштерін қоса алғанда, шамдарды, осы Конвенцияға сәйкес немесе ұлттық заңнамаға сәйкес көлік құралдарында болуға тиіс жарық шашыратқыш құрылғыларды, тіркеу нөмірлерін және тіркеген мемлекеттің ерекшелік белгісін немесе осы Конвенцияның 14-бабы 3-тармағының немесе 17-бабы 2-тармағының ережесіне сәйкес қолмен берілетін сигналдарды жаппау үшін көлік құралына бекітілуге тиіс.

3. Жүкті бекіту және сақталуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын барлық қосалқы құрылғылар (арқандар, шынжырлар, брезент) қатты тартылуға және мықты бекітілуге тиіс. Жүктің сақталуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын барлық қосалқы құрылғылар осы баптың 2-тармағында жүкке қатысты көзделген талаптарды

4. Көлік құралының габаритінен алдынан, артынан немесе бүйірінен шығып тұрған жүк басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне байқалмай қалуы ықтималдығын болғызбай барлық жағдайларда көрінетіндей етіп белгіленуге тиіс; түнде бұл сигналды беру алдыңғы жақтан ақ шамның және ақ жарық беретін құрылғының, ал артынан қызыл шамның және қызыл жарық беретін құрылғының көмегімен жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, механикалық көлік құралдарында:

а) көлік құралының шегінен артынан немесе алдынан кем дегенде 1 м (3 фут 4 дюйм) шығып тұратын жүктер әрқашан белгіленуге тиіс;

б) көлік құралының габаритінен бүйір жақтан ені бойынша шеткі нүктесі көлік құралының кіші фарасынан 0,4 м (16 дюйм) астам қашықтықта болатын жүктер түнде алдыңғы жағынан белгіленуге тиіс; көлік құралының габаритінен осылайша шығып тұратын, яғни ені бойынша шеткі нүктесі көлік құралының артқы габариттік қызыл фонарының сыртқы шетінен 0,4 м (16 дюйм) астам қашықтықта болатын жүктер түнде осындай түрде белгіленуге тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағының бірде-бір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің 4-тармақта айтылған көлік құралының габаритінен шығып тұратын жүктерді тасымалдауға тыйым салуына, шектеуіне немесе арнайы рұқсатқа бағындыруына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

## 31-бап

### Жүргізушінің жол-көлік оқиғасы жағдайындағы мінез-құлқы

1. Жол-көлік оқиғасына қатысы бар жүргізуші немесе кез келген басқа жол пайдаланушы ұлттық заңнаманың зардап шеккендерге көмек көрсету міндетіне қатысты нұсқамаларын бұзбай:

а) қозғалыс үшін қосымша қауіптілік тудырмай, мүмкіндігінше тез тоқтауға;

б) жол-көлік оқиғасы болған жерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға және, егер жол-көлік оқиғасының нәтижесінде ауыр жарақат алғандар немесе қайтыс болғандар болса, қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етпейтін шамада, оқиға орнында ешнәрсе өзгертпеуге немесе жауапкершілікті белгілеу үшін пайдалы бола алатын іздерді жоймауға;

с) жол-көлік оқиғасына қатысы бар басқа адамдардың талабы бойынша өзінің аты-жөнін айтуға;

д) егер жол-көлік оқиғасының нәтижесінде ауыр жарақат алғандар немесе қайтыс болғандар болса, бұл туралы жол қозғалысы қызметіне хабарлауға және егер соңғысы оқиға орнынан кетуге рұқсат бермесе немесе ол жарақат алғандарға көмек көрсетуге немесе өзі медициналық көмек алуға тиіс болмаса, оқиға орнына қайтып келуге немесе сол жерде жол қозғалысы қызметінің қызметкерлері келгенше қалуға тиіс.



2. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері, егер ешқандай елеулі дене жарақаты салынбаса және, егер жол-көлік оқиғасына түскен адамдардың ешқайсысы бұл туралы полицияға хабарлауды талап етпесе, өздерінің ұлттық заңнамасында осы баптың 1-тармағының «d» тармақшасында көрсетілген ережені нұсқамауы мүмкін.

## 32-бап

### **Жарықтандыру: жалпы нұсқамалар**

1. Осы бапқа сәйкес «түн» термині қараңғы түскеннен бастап таң атқанға дейінгі аралықтағы уақыт кезеңін, сондай-ақ басқа да, мысалы тұман, қалың қар, қатты жауын және туннельден өту салдарларын көріну жағдайы жеткіліксіз болған сәттерді білдіреді .

2 . Т ү н д е :

а) жолдағы аспалы қозғалтқышы бар велосипедтен немесе коляскасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге кез келген механикалық көлік құралында 5-қосымшаның 23 және 24-тармақтарында автомобильдер үшін көзделген нұсқамаларға сәйкес алдыңғы жағында кем дегенде екі ақ немесе сары селективтік шам, ал артқы жағында қызыл жарықтың жұп саны жанып тұруға тиіс; дегенмен ұлттық заңнама автосары кіші фараларды пайдалануға рұқсат бере алады. Осы тармақшаның ережесі бір механикалық көлік құралы мен бір немесе бірнеше тіркемені қосатын құрамдарға қолданылады, бұл ретте қызыл шамдар соңғы тіркеменің артқы жағында орналасуға тиіс; өздеріне осы Конвенцияға 5-қосымшаның 30-тармағының нұсқамалары қолданыла алатын тіркемелерде алдыңғы жағында оларда көрсетілген 30-тармақтың нұсқамаларына сәйкес болуға тиіс екі ақ шам жанып тұруға тиіс;

б) өздеріне осы тармақтың «а» тармақшасының ережелері қолданылмайтын жолдағы кез келген көлік құралдарында немесе көлік құралдарының құрамдарында жоқ дегенде бір алдыңғы ақ немесе сары селективтік шам және жоқ дегенде бір артқы қызыл шам болуға тиіс; егер бір ғана алдыңғы немесе бір ғана артқы шам болса, онда бұл шам ортада немесе көлік құралының қозғалыс бағытына сәйкес келетін жағының қарсы бетіне орналастырылуға тиіс; көлік-арба және қол арба көліктеріне қатысты алғанда, онда көрсеткіш шамдары бар құрылғыны көлік құралының осы жағында келе жатқан жүргізуші немесе ілесіп келе жатқан адам ұстап жүре алады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген шамдар көлік құралын басқа жол пайдаланушылар үшін анық көрсетуге тиіс; егер көлік құралының сипаттамасы, атап айтқанда оның шағын ұзындығы, осындай жағдайларда аталған нұсқамалар сақтала алатындай болса, бір және сол шам немесе бір және сол құрылғы алдыңғы және артқы ш а м н ы ң к ө з і б о л а а л а д ы .

4. а) Осы баптың 2-тармағының ережелерінен ауытқи отырып,

i) аталған 2-тармақтың ережелері олар алыс ара қашықтықтан анық көрінетіндей етіп жарық берілген жолда аялдаған немесе тұрақтағы көлік құралдарына қолданылмайды;

ii) ұзындығы мен ені тиісінше 6 м (20 фут) және 2 м (6 фут 6 дюйм) аспайтын және қандай да бір басқа көлік құралын сүйретпеге алмайтын механикалық көлік құралдарында, елді мекенде жолда аялдаған немесе тұраққа қойған кезде, оның бойына осы көлік құралы аялдаған немесе тұрақта тұрған жүріс бөлігіне қарсы беттегі көлік құралы жағындағы бір ғана шам қосылуы мүмкін; бұл шам алдыңғы жағынан ақ немесе автосары және артқы жағынан қызыл немесе автосары болуы керек;

iii) егер олар елді мекенде жүріс бөлігінің ең шетіне аялдаса немесе тұраққа тоқтаса, осы баптың 2-тармағының «b» тармақшасының ережесі батареялармен жарақталмаған екі доңғалақты велосипедтерге де, аспалы қозғалтқышы бар екі доңғалақты велосипедтерге де, арбасыз екі доңғалақты мотоциклдерге де қолданылмайды;

b) сонымен қатар ұлттық заңнама:

i) жүріс бөлігінен тыс олар үшін арнайы арналған жерлерде аялдаған немесе тұрақта тұрған көлік құралдарына;

ii) қозғалысы өте төмен тұрғын көшелерде аялдаған немесе тұрақта тұрған көлік құралдарына қатысты осы баптың ережесінен шегінуге рұқсат береді.

5. Ешбір жағдайда да көлік құралының алдыңғы жағында қызыл шамдар, қызыл жарық қайтарғыш құрылғылар немесе қызыл жарық қайтарғыш материалдар, ал алдыңғы жағында ақ немесе сары селективтік шамдар, ақ немесе сары селективтік жарық шашыратқыш құрылғылар немесе ақ немесе сары селективтік жарық шашыратқыш материалдар болмауға тиіс; бұл нұсқама артқы жүрістің ақ немесе сары селективтік шамдарын пайдалануға, артқы нөмірлік белгілерге цифрлар мен әріптерге немесе ерекшелік белгілеріне немесе олар ұлттық заңнамаға сәйкес талап етілуі мүмкін өзге ерекшелік белгілеріне ақшыл түсті жарық шашыратқыш қасиеттер беруге, осы нөмірлік немесе ерекшелік белгілерінің ақшыл фонына, жүріп өтудің басым құқығына ие кейбір көлік құралдарының айналып тұратын қызыл немесе жарқылдауық шамдарына жарық шашыратқыш қасиеттер беруге қатысты болмайды.

6. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері оны қозғалыс қауіпсіздігі үшін залал келтірмей орындау мүмкін деп санаған шамада, өз ұлттық заңнамасында:

a) көлік-арбалар мен қол арбаларға;

b) ерекше тұрпатты немесе ерекше сипаты бар немесе ерекше мақсаттарда немесе ерекше жағдайларда пайдаланылатын көлік құралдарына қатысты осы баптың ережесінен ерекше жағдайға жол бере алады.

7. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі ұлттық заңнамада осы баптың «b» тармақшасында айқындалған жағдайда жүріс бөлігі бойынша қозғалып келе жатқан, жетекшілері басқаратын жаяу жүргіншілер топтарында немесе шерулерде, сондай-ақ

малдарды, табындарды, жегілген, жүк артылған немесе салт мінетін жануарларды айдаушыларда жарық шашыратқыш құрылғы немесе шамның болуын нұсқауға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс; бұл жағдайда сәуле түсетін немесе сәуле шашатын жарық алдыңғы жағында не ақ немесе сары селективтік және артқы жағынан қызыл не болмаса алдыңғы және артқы жағынан автосары болуға тиіс.

### 33-бап

#### **Жарық беру: 5-қосымшада көзделген шамдарды пайдалану шарттары**

1. Осы Конвенцияға 5-қосымшада айқындалған, алыс жарық шамдары, жақын жарық шамдары және кіші фаралары бар көлік құралдарының жүргізушілері осы Конвенцияның 32-бабына сәйкес көлік құралы алдыңғы жағынан кем дегенде бір немесе екі ақ немесе сары селективтік шамдармен белгіленуге тиіс болатын төменде берілген жағдайларда:

а) алыс жарық шамы, егер жол жеткілікті жарық болса, елді мекендерде де, елді мекендерден тыс жерлерде де, егер жүріс бөлігі бір қалыпты жарықтандырылса және бұл жарықтандыру жүргізушіге жеткілікті ара қашықтықта жақсы көріну жағдайын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болса, аялдамада да қосылмау керек;

б) ұлттық заңнамада күндіз, мысалы тұманның, қалың қардың, қатты жауынның немесе туннельден өтудің салдарынан көріну жағдайы жеткіліксіз болғанда алыс жарық шамын пайдалануға рұқсат ету мүмкіндігін ескере отырып, алыс жарық шам қосылмауға және көзге шағылысатындай етіп бағытталмауға тиіс:

i) қарсы айрықтарда жарық шамдары пайдаланылған кезде олар жеткілікті ара қашықтықта қосылуға немесе көзге шағылыспау үшін реттелетін болуға және қарсы көлік құралының жүргізушісіне қозғалысты асықпай және қауіпсіз жалғастыру мүмкіндігін беруге тиіс;

ii) егер көлік құралы шағын ара қашықтықта басқа көлік құралының соңында келе жатса; алайда осы Конвенцияның 28-бабында көзделген жағдайларда басып озу ниетін көрсету үшін осы 5-тармағының ережелеріне сәйкес алыс жарық шамы пайдаланылуы мүмкін;

iii) басқа да жол пайдаланушылар немесе жолдың бойынан өтетін су және темір жол пайдаланушылардың көзіне шағылыстыру жағдайларын болдырмаған басқа жағдайларда;

с) осы тармақтың «d» тармақшасының ережесін сақтаған жағдайда жақын жарық шамдары қосылып тұруға тиіс, жоғарыда келтірілген «a» және «b» тармақшаларының ережесіне сәйкес алыс жарық шамын пайдалануға тыйым салынған жағдайда және олар алыс жарық шамдарының орнына пайдаланылғанда, жақын жарық шамы жүргізушіге жеткілікті ара қашықтықтан, ал басқа пайдаланушыларға осы көлік құралын жеткілікті

ара қашықтықтан анық көру үшін жеткілікті болғанда;

d) кіші фараларды алыс жарық шамдарымен, жақын жарық шамдарымен немесе тұманға қарсы шамдармен бірге пайдалану керек. Оларды көлік құралы тоқтаған немесе тұрақта тұрған кезде немесе автомагистральдар мен осы Конвенцияның 25-бабының 4-тармағында көрсетілгендерден басқа жолдарда жарық жағдайы жүргізуші жеткілікті ара қашықтықтан жақсы көре алатындай, ал басқа жол пайдаланушылар көлік құралын жеткілікті ара қашықтықтан көре алатындай болғанда бөлек пайдалануға болады.

2. Егер көлік құралында осы Конвенцияға 5-қосымшада айқындалған тұманға қарсы шамдар болса, оларды тұман, қалың қар немесе қатты жауын уақытында пайдалануға болады. Осы баптың 1-тармағы «с» тармақшасының ережесінен шегіне отырып, тұманға қарсы шамдарды қосқан кезде, жақын жарық шамдар сөндірілуге тиіс, дегенмен ұлттық заңнама бұл жағдайда тұманға қарсы фаралар мен жақын жарық фараларды бір уақытта қосуға рұқсат бере алады.

3. Осы баптың 2-тармағының ережесінен ауытқи отырып, ұлттық заңнама тұманға қарсы фараларды тұман, қалың қар немесе қатты жауын болмаған кезде де бұрылыстар саны көп тар жолдарда қосуға рұқсат бере алады.

4. Осы Конвенцияның ешбір ережесі Уағдаласушы Тараптардың елді мекендерде жақын жарық шамдарын пайдалану міндет етіп жүктеуіне кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5. Осы Конвенцияның 28-бабының 2-тармағында айтылған жарық сигналдары алыс және жақын жарық шамдарын көп мәрте немесе қысқа уақытқа жағуды және сөндіруді немесе жақын және алыс жарық шамдарын қысқа уақытқа кезекпен қосуды білдіреді.

## **34-бап**

### **Ауытқулар**

1. Арнайы жарық және дыбыс аспаптары арқылы сигнал беретін, жүріп өтудің басым құқығын пайдаланатын көлік құралдары жақындаған кезде, әрбір жол пайдаланушы жүріс бөлігінен оған орын босатуға және қажет жағдайда тоқтауға тиіс.

2. Ұлттық заңнамада көлік құралының арнайы сигнал аспаптарымен өзінің жақындағаны туралы сигнал берген және басқа да жол пайдаланушыларға қауіп төндірмейтін жағдайда, жүріп өтудің басым құқығына ие көлік құралдарының жүргізушілері 6-баптың 2-тармағының ережесінен өзге, осы II тараудың барлық немесе кейбір ережесін сақтамауына болады деп көзделуі мүмкін.

3. Ұлттық заңнамада жолдарды салу, жөндеу немесе күтіп ұстау жұмыстарымен айналысатын персоналдың, осы жұмыстарда пайдаланылатын механизмдердің жүргізушілерін қоса алғанда, қажетті сақтандыру шараларын қабылдаған жағдайда, жұмыс уақытында осы II тараудың ережелерін қандай деңгейде сақтамауы мүмкін

екендігі

көзделуі

мүмкін.

4. Осы баптың 3-тармағында айтылған механизмдерді жол жұмыстарына пайдаланғанда, басқа көлік құралдары жүргізушілерінің қажет болғанда және барлық сақтық шараларын сақтаған жағдайда оларды басып озу немесе қарсы айрық мақсатында осы Конвенцияның 11 және 12-баптарының ережелерін сақтамауына болады.

### III тарау

## АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ

### 35-бап

#### Тіркеу

1. а) Осы Конвенцияның ережелері Уағдаласушы Тараптардың бірінде немесе оның аумақтық бөлімшелерінің бірінде тіркелген, халықаралық қозғалыстағы автомобильдерге, автомобильге тіркелген жеңіл тіркемелерден өзге тіркемелерге қолданылады, бұл ретте автомобиль жүргізушісінде осы Уағдаласушы Тараптың немесе оның аумақтық бөлімшелерінің тиісті құзыретті органының не болмаса Уағдаласушы тараптың немесе оның аумақтық бөлімшесінің атынан осыған уәкілеттік берілген бірлестіктің тіркеу фактісін растау үшін берген тіркеу туралы куәлік болуға тиіс.

Тіркеу туралы куәлікте кемінде:

- құрамдас элементтері осы Конвенцияға 2-қосымшада көрсетілген, тіркеу нөмірі деп аталатын реттік нөмір;
- көлік құралының алғаш тіркелген күні;
- куәлік иесінің тегі, аты және тұрғылықты жері;
- көлік құралын дайындаушы зауыттың атауы немесе фабрикалық маркасы;
- шассидің реттік нөмірі (зауыттың немесе дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі);

- егер сөз жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы туралы болса, рұқсат етілген ең жоғары салмақ;

- мерзімі шектеулі болса, қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс.

Куәлікте көрсетілген деректер тек латын әріптерімен немесе жазбаша не болмаса осы тәсілдердің бірімен қайталанып жазылады.

б) Алайда Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері олардың аумағында берілген куәліктерде алғаш тіркеу күнінің орнына шығарылған жылы көрсетілетінін шешсе алады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерінен шегіне отырып, тіркемеден ағытылған

күйде халықаралық қозғалыстағы жартылай тіркемелері бар көлік құралына, тіпті егер тягач пен жартылай тіркеме бірге тіркеліп, олардың тіркеу туралы бір ғана куәлігі болса да, оларға осы Конвенцияның ережелері қолданылады.

3. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің көлік құралындағы адамның атына тіркелмеген, халықаралық қозғалыстағы көлік құралын басқаруға жүргізуші құқығын растауды талап ету құқығын шектеу ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

4. Мұны істемеген Уағдаласушы Тараптарға оған пайдалануға тапсырылатын автомобильдерді ұлттық немесе өңірлік ауқымда тіркеу және әрбір көлік құралы бойынша тіркеу туралы куәліктегі мәліметтердің орталықтандырылған есебін жүргізу тапсырылатын орган құру ұсынылады.

## **36-бап**

### **Тіркеу нөмірі**

1. Халықаралық қозғалыстағы әрбір автомобильдің алдында және артында тіркеу нөмірі орналасуға тиіс; алайда мотоциклдерде бұл нөмір тек артында орналасуға тиіс.

2. Халықаралық қозғалыстағы тіркелген әрбір тіркеменің артында тіркеу нөмірі орналасуға тиіс. Егер автомобиль бір немесе бірнеше тіркемені сүйретпеге алса, онда бір тіркемеде немесе соңғы тіркемеде, егер олар тіркелмесе, олар тіркелген автомобильдің тіркеу нөмірі болуға тиіс.

3. Осы бапта көрсетілген тіркеу нөмірінің құрамдас элементтері мен енгізу тәсілдері осы Конвенцияға 2-қосымшаның нұсқамаларына сәйкес болуға тиіс.

## **37-бап**

### **Тіркеген мемлекеттің ерекшелік белгісі**

1. Халықаралық қозғалыстағы әрбір автомобильдің артында, оның тіркеу нөмірінен басқа, ол тіркелген мемлекеттің ерекшелік белгісі болуға тиіс.

2. Автомобиль сүйретпеге алатын, осы Конвенцияның 36-бабына сәйкес артында тіркеу нөмірі болуға тиіс әрбір тіркеменің артында осы тіркеу нөмірін берген мемлекеттің ерекшелік белгісі болуға тиіс. Осы тармақтың нұсқамалары, егер тіркеме ол тіркелген көлік құралын тіркеген мемлекеттен өзге мемлекетте тіркелген жағдайда да қолданылады; егер тіркеме тіркелмеген болса, ол осы мемлекеттің аумағы бойынша қозғалатын жағдайды қоспағанда, оның артында көлік құралы-тягачты тіркеген мемлекеттің ерекшелік белгісі болуға тиіс.

3. Осы бапта көрсетілген ерекшелік белгісінің құрамдас элементтері мен енгізу тәсілдері осы Конвенцияға 3-қосымшаның нұсқамаларына сәйкес болуға тиіс.

## **38-бап**

### **Тану белгілері**

Халықаралық қозғалыстағы әрбір автомобильде және әрбір тіркемеде Конвенцияға 4-қосымшада айқындалған тану белгілері болуға тиіс.

## **39-бап**

### **Техникалық нұсқамалар**

Халықаралық қозғалыстағы әрбір автомобиль, әрбір тіркеме және көлік құралдарының әрбір құрамы осы Конвенцияға 5-қосымшаның ережелерін қанағаттандыруға тиіс. Бұдан басқа, олар ақаусыз күйде болуға тиіс.

## **40-бап**

### **Ауыспалы ереже**

Осы Конвенция күшіне енген сәттен бастап он жыл бойы 47-баптың 1-тармағына сәйкес халықаралық қозғалыстағы тіркемелерге, олардың рұқсат етілген ең жоғары салмағына қарамастан, егер бұл көлік құралдары тіркелмеген жағдайда да осы Конвенцияның ережелері қолданылады.

## **IV тарау**

### **АВТОМОБИЛЬ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ**

## **41-бап**

### **Жүргізуші куәліктерінің жарамдылығы**

1. У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п т а р :

а) олардың ұлттық тілінде немесе ұлттық тілдерінің бірінде толтырылған не болмаса егер мұндай тілде толтырылмаса, расталған аудармасы бірге жүретін кез келген ұлттық жүргізуші куәлігін;

б) осы Конвенцияға 6-қосымшаның нұсқамаларына сәйкес келетін кез келген ұлттық жүргізуші куәлігін, және

с) егер көрсетілген куәлік жарамды болып табылса және оны екінші Уағдаласушы Тарап немесе Уағдаласушы Тараптың осыған уәкілетті оның аумақтық бөлімшелерінің бірі не болмаса бірлестігі немесе оның аумақтық бөлімшелерінің бірі берсе, осы Конвенцияға 7-қосымшаның нұсқамаларына сәйкес келетін, басқару үшін куәлік берілген көлік құралдарының тиісті санатына немесе санаттарына сәйкес келетін автомобильді басқару үшін өзінің аумағында жарамды кез келген халықаралық

жүргізуші куәлігін мойындайтын болады. Осы тармақтың ережелері оқушы-жүргізушінің жүргізуші куәлігіне қолданылмайды.

2. Алдыңғы тармақтағы ережелерге қарамастан,

а) егер жүргізуші куәлігінің жарамдылығы жүргізушінің мүгедектігін ескере отырып, осы адамның кейбір құралдарды алып жүруін қажет ететін немесе көлік құралын кейбір қайта жабдықтауды көздейтін арнайы белгіге байланысты болса, бұл куәлік осы нұсқамаларды сақтаған жағдайда ғана жарамды деп есептеледі;

б) Уағдаласушы Тараптар өз аумағында иесі он сегіз жасқа толмаған жүргізуші куәлігін жарамды деп танымауы мүмкін;

с) әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында автомобильдерді немесе осы Конвенцияға 6 және 7-қосымшаларда аталған С, D және E санаттарының көлік құралдарының құрамдарын басқару үшін иелері жиырма бір жасқа толмаған жүргізуші куәліктерін жарамды деп танымауы мүмкін.

3. Уағдаласушы Тараптар осы баптың 1-тармағының «а», «б» және «с» тармақшаларында көрсетілген ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктері олардың аумағында жүргізушінің көлік құралын басқару қабілеті мен денесінің жарамдылығына саналы кепілсіз берілмеуі үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

4. Осы баптың 1-тармағын және 2-тармағының «с» тармақшасын қолданған кезде:

а) осы Конвенцияға 6 және 7-қосымшаларда көрсетілген В санатындағы автомобиль жеңіл тіркемені сүйретпеге ала алады; егер мұндай құрамның рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) аспаса, ол сондай-ақ рұқсат етілген ең жоғары салмағы 750 кг (1650 фунт) асатын, бірақ автомобильдің жүктемесіз салмағынан аспайтын тіркемені сүйретпеге ала алады;

б) осы Конвенцияға 6 және 7-қосымшаларда көрсетілген С және Б санаттарының автомобильдері жеңіл тіркемені сүйретпеге ала алады, бұл ретте мұндай құрам С санатына немесе санатына кіруін жалғастырады.

5. Халықаралық жүргізуші куәлігі осы Конвенцияда көзделген ең төменгі талаптарды ескере отырып берілген ұлттық жүргізуші куәлігінің негізінде ғана берілуі мүмкін. Нөмірі халықаралық жүргізуші куәлігіне қойылуға тиіс тиісті ұлттық жүргізуші куәлігінің жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін халықаралық жүргізуші куәлігі күшін жояды.

6. Осы баптың ережелері Уағдаласушы Тараптарды:

а) осы жүргізуші куәлігін беру сәтінде олардың аумағында әдеттегі тұрғылықты жері бар немесе осы куәлік берілгеннен кейін олардың аумағында өзінің әдеттегі тұрғылықты жерін ауыстырған адамдарға басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында берілген ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктерін жарамды деп тануға;

б) куәлікті беру сәтінде әдеттегі тұрғылықты жері куәлік берілген аумақта болмаған немесе куәлік берілгеннен кейін өзінің тұрғылықты жерін басқа аумаққа ауыстырған



жүргізушілерге берілген жоғарыда көрсетілген жүргізуші куәліктерінің жарамдылығын тануға міндеттемейді.

## **42-бап**

### **Жүргізуші куәліктерінің қолданылуын тоқтату**

1. Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері олардың аумағында олардың заңнамасына сәйкес жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айыру көзделген ережелерді жүргізуші бұзған жағдайда оны олардың аумағында ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айыра алады. Бұл жағдайда жүргізушіні жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айырған Уағдаласушы Тараптың құзырлы органы немесе оның аумақтық бөлімшесі:

а) жүргізуші куәлігін алып және осы куәлік алынған мерзім өткенге дейін, немесе жүргізушінің осы аумақтан шығу сәтіне дейін қай мерзім бірінші болатынына б а й л а н ы с т ы о н ы ұ с т а й а л а д ы ;

б) жүргізуші куәлігін берген немесе оның атынан берілген органға осы куәлікті пайдалану құқығынан айыру туралы хабарлай алады;

с) егер сөз халықаралық жүргізуші куәлігі туралы болса, осы үшін арнайы көзделген орынға көрсетілген жүргізуші куәлігінің осы аумақта жарамды болуы тоқтағаны туралы белгі қоя алады;

д) ол осы тармақтың «а» тармақшасында айтылған рәсімді қолданбаған жағдайда, «б» тармақшасында айтылған хабарламаға қосымша жүргізуші куәлігін берген немесе оның атынан берілген органнан оған қатысты қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаға х а б а р л а у д ы с ұ р а й а л а д ы .

2. Уағдаласушы Тараптар мүдделі тұлғаларға осы баптың 1-тармағының «д» тармақшасында көзделген рәсімге сәйкес оларды хабарланатын шешімдер туралы х а б а р д а р е т у г е т а л п ы н а т ы н б о л а д ы .

3. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі бар жүргізушіге оның жай-күйі қозғалыс үшін қауіп төндірмей көлік құралын жүргізе алмайтыны көрініп тұрса және дәлелденсе немесе егер оның әдеттегі тұрғылықты жері бар мемлекетте ол жүргізу құқығынан айырылған болса, Уағдаласушы Тараптарға немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне оның автомобиль басқаруына тыйым салуға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

## **43-бап**

### **Өтпелі ереже**

1949 жылғы 19 қыркүйекте Женевада қол қойылған Жол қозғалысы туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес келетін және осы Конвенцияның 47-бабының 1-тармағына сәйкес осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бес жыл ішінде берілген

халықаралық жүргізуші куәліктері осы Конвенцияның 41 және 42-баптарын қолданған кезде осы Конвенцияда көзделген халықаралық жүргізуші куәлігіне теңестірілетін болады.

## **V тарау**

### **ВЕЛОСИПЕДТЕРДІ ЖӘНЕ АСПАЛЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БАР**

### **ВЕЛОСИПЕДТЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ**

#### **44-бап**

1. Халықаралық қозғалыстағы қозғалтқышы жоқ велосипедтер:

- а) тиімді тежегішпен;
- б) жеткілікті ара қашықтықта естілетін қоңыраумен, бұл ретте кез келген басқа дыбыстық сигнал құралдарына тыйым салынады;
- с) артқы қызыл жарық шашыратқыш құрылғымен және алдыңғы жағынан ақ немесе сары селективтік жарық және артқы жағынан қызыл жарық беретін аспаптармен жаракталуға тиіс.

2. Осы Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіру туралы мәлімдеме жасамаған Уағдаласушы Тараптардың аумағында халықаралық қозғалыстағы аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер:

- а) екі тәуелсіз тежегішпен;
- б) жеткілікті ара қашықтықта естілетін қоңыраумен немесе басқа дыбыс сигнал құралымен;
- с) тиімді сөндіргішпен;
- д) алдыңғы селективтік ақ немесе сары түсті жарық және артқы қызыл жарық беретін құрылғымен, сондай-ақ артқы қызыл жарық түсіретін құрылғымен;
- е) анықтамасы осы Конвенцияға 4-қосымшада берілген тану белгісімен жаракталуға тиіс.

3. Осы Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіру туралы мәлімдеме жасаған Уағдаласушы Тараптардың аумағында халықаралық қозғалысқа жіберілген болуы үшін аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер жауап беруі тиіс талаптар осы Конвенцияға 5-қосымшада мотоциклдер үшін айқындалған талаптар болып табылады.

## **VI тарау**

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## 45-бап

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің барлығының немесе кез келген мамандандырылған мекемелер мүшелерінің немесе Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік мүшелерінің немесе Халықаралық Сот Статуты Тараптарының және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы осы Конвенцияның Тарабы болуға шақырған кез келген басқа мемлекеттің қол қоюы үшін Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Мекемелерінде 1969 жылғы 31 қаңтарға дейін а ш ы қ .

2. Осы Конвенция ратификациялауға жатады. Ратификациялау грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға беріледі.

3. Осы Конвенция осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттердің кез-келгенінің оған қосылуы үшін ашық болып қалады. Қосылу туралы құжаттар Бас Хатшыға сақтауға тапсырылады.

4. Осы Конвенцияға қол қою немесе ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру сәтінде әрбір мемлекет осы Конвенцияға 3-қосымшаға сәйкес халықаралық қозғалыстағы ол тіркеген көлік құралдарына қойылатын өзі таңдаған ерекшелік белгісі туралы Бас Хатшыға хабарлауға тиіс. Бас Хатшыға жіберілетін кейінгі нотификация арқылы әрбір мемлекет өзі бұрын таңдаған ерекшелік белгісін өзгерте алады.

## 46-бап

1. Әрбір мемлекет осы Конвенцияға қол қою, оны ратификациялау кезінде немесе оған қосылу кезінде, немесе кейіннен кез келген сәтте Бас Хатшыға жіберілетін нотификация арқылы бір сыртқы қатынастары үшін өзі жауапты барлық аумақтарға немесе аумақтардың бір бөлігіне Конвенцияны қолдануға болатынын мәлімдей алады. Конвенция нотификацияда көрсетілген аумақта немесе аумақтарда Бас Хатшы аталған нотификацияны алған күннен бастап отыз күн өткен соң немесе егер бұл күн кешірек болса, нотификация жасаған мемлекетке қатысты Конвенция күшіне енген сәтте қ о л д а н ы л а б а с т а й д ы .

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған әрбір мемлекет кейіннен кез келген сәтте Бас Хатшыға жіберілетін нотификация арқылы Конвенцияның нотификацияда көрсетілген аумақта қолданылуы тоқтатылатынын мәлімдей алады және Бас Хатшы осы нотификацияны алған күннен бастап бір жыл өткен соң нотификацияда көрсетілген аумақта Конвенцияның қолданылуы тоқтатылады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес нотификация жасаған әрбір мемлекет Бас Хатшыға өзі таңдаған ерекшелік белгісі немесе белгілері туралы хабарлайды, олар осы Конвенцияға 3-қосымшаға сәйкес тиісті аумақта немесе аумақтарда тіркелген

халықаралық қозғалыстағы көлік құралдарына қойылатын болады. Бас Хатшыға жіберілетін келесі нотификация арқылы әрбір мемлекет өзі бұрын таңдаған ерекшелік белгісін өзгерте алады.

#### **47-бап**

1. Осы Конвенция ратификациялау немесе қосылу туралы он бесінші құжат сақтау үшін тапсырылған күнінен бастап он екі ай өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын немесе оған қосылатын әрбір мемлекетке қатысты ратификациялау немесе қосылу туралы он бесінші құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін Конвенция осы мемлекет ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған күнінен бастап он екі ай өткеннен кейін күшіне енеді.

#### **48-бап**

Осы Конвенция күшіне енген сәттен бастап ол 1926 жылғы 24 сәуірде Парижде қол қойылған Автомобиль қозғалысы туралы халықаралық конвенцияның және Жол қозғалысы туралы халықаралық конвенцияның, қол қою үшін 1943 жылғы 15 желтоқсанда Вашингтонда ашылған Америка елдері арасындағы автомобиль қозғалысының ережелері туралы конвенцияның және қол қою үшін 1949 жылғы 19 қыркүйекте Женевада ашылған Жол қозғалысы туралы конвенцияның күшін жояды және Уағдаласушы Тараптар арасындағы қатынастарда оларды ауыстырады.

#### **49-бап**

1. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан соң әрбір Уағдаласушы Тарап Конвенцияға бір немесе бірнеше түзетулер ұсына алады. Ұсынылған кез келген түзетудің мәтіні түсіндірме меморандуммен бірге Бас Хатшыға жіберіледі, ол оны барлық Уағдаласушы Тараптарға қайта жолдайды. Уағдаласушы Тараптардың осы мәтінді қайта жолдаған күннен бастап он екі ай мерзімде оған: а) олар түзетуді қабылдайтыны, б) олар түзетуді қабыл алмайтыны немесе с) осы түзетуді қарау үшін конференция шақырылғанын қалайтыны туралы хабарлауға мүмкіндігі бар. Бас Хатшы сондай-ақ ұсынылған түзету мәтінін осы Конвенцияның 45-бабының 1-тармағында көрсетілген барлық басқа мемлекеттерге жібереді.

2. а) Алдыңғы тармаққа сәйкес таратылған кез келген ұсынылған түзету егер жоғарыда айтылған он екі ай мерзім ішінде Уағдаласушы Тараптардың кемінде үштен бірі Бас Хатшыға олар түзетуді қабыл алмайтыны немесе осы түзетуді қарау үшін конференция шақыруды қалайтыны туралы хабарласа, ол қабылданған болып есептеледі. Бас Хатшы барлық Уағдаласушы Тараптарға ұсынылған түзетуді әрбір

қабылдау немесе қабыл алмау туралы және конференция шақыру туралы келіп түскен кез келген өтініш туралы хабарлайды. Егер белгіленген он екі ай мерзім ішінде мұндай қабыл алмаулар мен өтініштер барлық Уағдаласушы Тараптардың кемінде үштен бірінен алынған болса, Бас Хатшы барлық Уағдаласушы Тараптарға алдыңғы тармақта көрсетілген он екі ай мерзім өткеннен кейін алты айдан соң белгіленген мерзім ішінде түзетуді қабыл алмаған немесе оны талқылау үшін конференция шақыруға өтініш білдіргендерді қоспағанда, барлық Уағдаласушы Тараптар үшін түзету күшіне енетіні

т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

b) Жоғарыда көрсетілген он екі ай мерзімде ұсынылған түзетуді қабыл алмаған немесе оны қарау үшін конференция шақыруды өтінген әрбір Уағдаласушы Тарап бұл мерзім өткеннен кейін кез келген уақытта Бас Хатшыға өзінің түзетуді қабылдайтыны туралы хабарлай алады және Бас Хатшы бұл хабарламаны қалған барлық Уағдаласушы Тараптарға таратады. Қабылдау туралы мұндай хабарламаларды жіберген Уағдаласушы Тараптарға қатысты түзету оларды Бас Хатшы алғаннан кейін алты айдан соң

к ү ш і н е е н е д і .

3. Егер ұсынылған түзету осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданбаған болса және егер осы баптың бірінші тармағында көзделген он екі ай мерзім ішінде Уағдаласушы Тараптардың жалпы санынан кемінде жартысы ұсынылған түзетуді олардың қабыл алмайтыны туралы Бас Хатшыға хабарласа және егер барлық Уағдаласушы Тараптардың кем дегенде үштен бірі, бірақ оннан кем емес, олар оны қабылдайтыны немесе бұл түзетуді талқылау үшін конференция шақыруды қалайтыны туралы оған хабарласа, Бас Хатшы ұсынылған түзетуді немесе оған осы баптың 4-тармағына сәйкес оған ұсынылуы мүмкін кез келген басқа ұсынысты қарау үшін

к о н ф е р е н ц и я ш а қ ы р а д ы .

4. Егер конференция осы баптың 3-тармағына сәйкес шақырылса, Бас Хатшы оған осы Конвенцияның 45-бабының 1-тармағында көрсетілген барлық мемлекеттерді шақырады. Бас Хатшы конференцияға шақырылған барлық мемлекеттерге ұсынылған түзетуге қосымша олар конференцияда қарауды қалайтын кез келген ұсынысты конференция ашылғанға дейін кемінде алты ай бұрын оған ұсыну туралы өтініш білдіреді және бұл ұсыныстар туралы конференция ашылғанға дейін кемінде үш ай бұрын конференцияға шақырылған барлық мемлекеттерге хабарлайды.

5. а) Осы Конвенцияға кез келген түзету егер оны Конференцияға келген мемлекеттердің үштен екісінен көбі қабылдаса, бұл көпшілік Конференцияға келген Уағдаласушы Тараптардың кемінде үштен екісін қамтыған жағдайда, қабылданды деп есептеледі. Бас Хатшы түзетуді қабылдау туралы барлық Уағдаласушы Тараптарға хабарлайды және ол түзетуді қабыл алмау туралы осы мерзім ішінде Бас Хатшыға хабарлағандарды қоспағанда, барлық Уағдаласушы Тараптарға қатысты осылай хабарлаған күнінен бастап он екі ай өткен соң күшіне енеді.

b) Жоғарыда көрсетілген он екі ай мерзім ішінде түзетуді қабыл алмаған әрбір

Уағдаласушы Тарап өзінің түзетуді қабылдағаны туралы Бас Хатшыға кез келген уақытта хабарлай алады және Бас Хатшы бұл туралы барлық қалған Уағдаласушы Тараптарға хабарлайды. Түзету оны қабылдау туралы хабарлаған Уағдаласушы Тарапқа қатысты хабарламаны Бас Хатшы алғаннан кейін алты ай өткен соң немесе егер бұл мерзім кешірек өтсе, жоғарыда көрсетілген он екі ай мерзім өткеннен кейін күшіне енеді.

6. Егер ұсынылған түзету осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданды деп есептелмесе және егер осы баптың 3-тармағында нұсқалған конференция шақыру талаптары орындалмаған болса, ұсынылған түзету қабыл алынбады деп есептеледі.

## **50-бап**

Әрбір Уағдаласушы Тарап Бас Хатшыға жіберілетін жазбаша нотификациялау арқылы осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою Бас Хатшының бұл нотификацияны алған күнінен бастап бір жыл өткен соң күшіне енеді.

## **51-бап**

Егер Уағдаласушы Тараптардың саны қандай да бір реттік он екі ай кезең ішінде кемінде бесеуді құраса, осы Конвенция күшін жояды.

## **52-бап**

Екі немесе одан көп Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты, Тараптар келіссөздер жолымен немесе басқа реттеу құралдарымен шеше алмайтын кез келген дау кез келген мүдделі Уағдаласушы Тараптардың өтініші бойынша шешу үшін Халықаралық Сотқа беріле алады.

## **53-бап**

Осы Конвенцияның ешқандай ережесі қандай да бір Уағдаласушы Тарапқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес келетін және өзінің сыртқы немесе ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ол қажет деп есептейтін, қалыптасқан жағдаймен шектелетін шаралар қабылдауға кедергі келтіретіндей түсіндірілмеуге тиіс.

## **54-бап**

1. Осы Конвенцияға қол қою кезінде немесе өзінің ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсыру кезінде әрбір мемлекет өзін осы Конвенцияның 52-бабымен байланыстымын деп есептейтіні туралы мәлімдей алады. Басқа Уағдаласушы Тараптар мұндай мәлімдеме жасаған кез келген Уағдаласушы

Тарапқа қатысты 52-баппен байланысты болып табылмайды.

2. Өзінің ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсыру сәтінде әрбір мемлекет Бас Хатшыға жіберілетін нотификация арқылы осы Конвенцияны қолдану мақсатында ол аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге (1-баптың «п» тармақшасы) теңестіретінін мәлімдей алады.

Кейіннен кез келген уақытта әрбір мемлекет Бас Хатшыға жіберілетін нотификация арқылы өзінің мәлімдемесін кері ала алады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемелер Бас Хатшы нотификацияны алғаннан кейін немесе егер бұл күн кешірек болып табылса, мәлімдеме жасаған мемлекетке қатысты Конвенцияның күшіне енген сәтінен кейін алты ай өткен соң күшіне енеді.

4. Осы Конвенцияның 45-бабының 4-тармағына немесе 46-бабының 3-тармағына сәйкес ол туралы хабарлама жасалған, бұрын таңдап алынған ерекшелік белгісін кез келген өзгерту Бас Хатшы хабарламаны алған күнінен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

5. Осы Конвенцияға және оған қосымшаларға түсініктер, осы баптың 1-тармағында көзделген түсініктен өзгелері, егер олар ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырғанға дейін жасалса, олар ратификациялау грамотасында немесе қосылу туралы құжатта расталған жағдайда, олар жазбаша нысанда ұсынылған жағдайда шешіледі. Бас Хатшы көрсетілген түсініктер туралы осы Конвенцияның 45-бабының 1-тармағында көрсетілген барлық мемлекеттерге хабарлайды.

6. Осы баптың 1 немесе 4-тармақтарына сәйкес түсінік немесе мәлімдеме жасайтын әрбір Уағдаласушы Тарап Бас хатшыға жіберілетін нотификация арқылы кез келген сәтте өзінің түсінігін кері ала алады.

7. Осы баптың 5-тармағына сәйкес жасалған кез келген түсінік:

а) жоғарыда көрсетілген түсінікті жасаған Уағдаласушы Тарап үшін бұл түсініктің шеңберінде ол жататын Конвенцияның ережелерін өзгертеді;

б) түсінік жасаған Уағдаласушы Тараппен өзара қарым-қатынаста басқа Уағдаласушы Тараптар үшін де бұл ережелерді сондай шамада өзгертеді.

## **55-бап**

Бас Хатшы 45-баптың 1-тармағында көрсетілген барлық мемлекеттерге осы Конвенцияның 49 және 54-баптарында көзделген мәлімдемелермен, нотификациялармен және хабарламалармен қатар:

а) 45-бапқа сәйкес Конвенцияға қол қою, ратификациялау және қосылу туралы;

б) 45-баптың 4-тармағына және 46-бапқа сәйкес нотификациялар мен мәлімдемелер туралы;

- с) 47-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енетін күндері туралы;  
d) 49-баптың 2 және 5-тармақтарына сәйкес осы Конвенцияға түзетулердің күшіне енетін күні туралы;  
е) 50-бапқа сәйкес күшін жою туралы;  
f) 51-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшін жоюы туралы хабарлайды.

## **56-бап**

Бір данада ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде жасалған барлық бес мәтін бірдей дәлме-дәл болып табылатын осы Конвенцияның түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады, ол тиісінше куәландырылған көшірмелерді осы Конвенцияның 45-бабының 1-тармағында көрсетілген барлық мемлекеттерге жолдайды.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойған өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Вена қаласында бір мың тоғыз жүз алпыс сегізінші жылғы қараша айының сегізінші күні жасалды.

## **1-ҚОСЫМША**

### **АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ЖІБЕРУ**

#### **МІНДЕТТЕМЕСІНЕН АУЫТҚУЛАР**

1. Уағдаласушы Тараптар жалпы салмағы немесе осіне жүктеме немесе габариттік мөлшері олардың ұлттық заңнамасында олардың аумағында тіркелген көлік құралдары үшін белгіленген шектерден асатын автомобильдерді, тіркемелер мен көлік құралдарының құрамдарын өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін. Аумағында ауыр көлік құралдарының халықаралық қозғалысы орын алған Уағдаласушы Тараптар сипаттамалары төмен жолдарды қоспағанда, осы ауданның жолдары бойынша салмағы мен көлемі бұл келісімдермен белгіленген өлшемдерден аспайтын көлік құралдары мен көлік құралдарының құрамдарын халықаралық қозғалысқа жіберетін өңірлік келісімдер жасауға тырысуға тиіс.

2. Осы қосымшаның 1-тармағының нұсқамаларын қолданған кезде мыналар көлік құралының ені бойынша габариттік мөлшерінен шығатын рұқсат етілген ең жоғарғы енінен асып түсу деп есептелмейтін болады:

- а) жермен жанасу нүктелерінен жақын шиналар мен шиналардағы қысым индикаторларының біріктіру бөлшектері;  
b) доңғалақтарға кигізілген сырғанауға қарсы құрылғылар;



- с) жеңіл басқанда олар екі бағытта бұрыла алатындай, бұл ретте рұқсат етілген ең үлкен еннен шықпайтын етіп құрастырылған артқы көру айнасы;
- д) бүйірдегі бұрылу көрсеткіштері және габариттен бірнеше сантиметр ғана шығып тұрған жағдайда габариттік шамдар;
- е) жүкке салынған кедендік мөрлер (пломбалар) және бұл мөрлердің (пломбалардың) сақталуы мен оларды қорғауды қамтамасыз етуге арналған құрылғылар.

3. Уағдаласушы Тараптар егер олардың ұлттық заңнамасы мұндай құрамдардың қозғалысына тыйым салатын болса, мынадай көлік құралдарының құрамдарын өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін:

- а) тіркемесі бар мотоциклдер;
- б) автомобиль мен бірнеше тіркемені қамтитын құрамдар;
- с) жолаушылар тасымалдауға арналған жартылай тіркемесі бар көлік құралдары.

4. Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияға 5-қосымшаның 60-тармағына сәйкес ауытқу таралатын автомобильдер мен тіркемелерді өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін.

5. Уағдаласушы Тараптар жүргізушілері мен тиісті жағдайларда жолаушыларында қорғау шлемдері жоқ аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді және мотоциклдерді өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін.

6. Уағдаласушы Тараптар аспалы қозғалтқышы бар екі доңғалақты велосипед пен арбасы жоқ екі доңғалақты мотоциклден өзге кез келген автомобильді, автомобильде осы Конвенцияға 5-қосымшаның 56-тармағында көрсетілген және жүріс бөлікте тоқтаған жағдайда онда тоқтаған көлік құралы төндіретін қауіп туралы ескертуге арналған құрылғының болуын өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жіберуге шарт ете алады.

7. Уағдаласушы Тараптар кейбір қиын жолдар бойынша немесе рельефі күрделі аудандарда рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3 500 кг-нан (7 700 фунт) асатын автомобильдерді, осындай жолдар бойынша немесе бұл аудандарда рұқсат етілген ең жоғары салмағы осындай олар тіркеген көлік құралдарын қозғалысқа жіберуге қатысты олардың ұлттық заңнамасының арнайы нұсқамаларын орындаумен өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жіберуге шарт ете алады.

8. Уағдаласушы Тараптар бұл сәулелерді реттеу олардың аумағында қабылданған қозғалыс бағытына сәйкес келмесе, асимметриялық сәулелері бар жақын жарық шамдары бар автомобильдерді өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін.

9. Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның 37-бабында осы көлік құралы үшін көзделген ерекшелік белгісінен өзге белгісі бар автомобильдерді немесе автомобиль сүйретпеге алған тіркемелерді өз аумағы бойынша халықаралық қозғалысқа жібермеуі мүмкін.

## **2-ҚОСЫМША**

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРДІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ**

1. Осы Конвенцияның 35 және 36-баптарында көрсетілген тіркеу нөмірі не цифрлардан, не цифрлар мен әріптерден тұруға тиіс. Цифрлар араб цифрлары, ал әріптер латын әліпбиінің бас әріптері болуы керек. Алайда басқа цифрларды немесе әріптерді қолдануға рұқсат етіледі, бірақ мұндай жағдайларда тіркеу нөмірі араб цифрларымен және латын бас әріптерімен қайталанған болуы керек.

2. Тіркеу нөмірі қозғалыссыз көлік құралының осіндегі бақылаушы оны күндіз ашық ауа райында кем дегенде 40 м (130 фунт) ара қашықтықта айыра алатындай етіп құрастырылуға және белгіленуге тиіс; алайда Уағдаласушы Тараптар тіркеу нөмірлеріне 40 м (130 фут) ара қашықтықтан оларды айыру мүмкін болатындай мөлшер беру қиын болатын, өздерінің аумағында тіркелген мотоциклдер мен автомобильдердің ерекше санаттары үшін бұл ең қысқа ара қашықтықты қысқарта а л а д ы .

3. Егер тіркеу нөмірі арнайы тақтайшада белгіленген болса, онда тақтайша тегіс және көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына перпендикуляр тік немесе тік дерлік қалыпта бекітілген болуы керек. Егер нөмір көлік құралына бояумен белгіленсе немесе жазылса, бояумен белгіленген немесе жазылған үстіңгі қабат тегіс әрі тік немесе тегіс әрі тік дерлік және көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына перпендикуляр болуы к е р е к .

4. 32-баптың 5-тармағының ережелерін ескере отырып, тіркеу нөмірі белгіленген тақтайша немесе бояумен жазылған үстіңгі қабат жарық шағылыстыратын материалдан болуы мүмкін.

## **3-ҚОСЫМША**

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІСІ**

1. Осы Конвенцияның 37-бабында айтылған ерекшелік белгісі латын әліпбиінің 1-3 бас әрпінен тұруы керек. Әріптердің биіктігі кем дегенде 0,08 м (3,1 дюйм) және ені кем дегенде 0,01 м (0,4 дюйм) қаріптермен белгіленуі тиіс. Әріптер бас осі көлденең эллипс нысанындағы ақ түске қара бояумен жазылған болуы керек.

2. Ерекшелік белгісі бір ғана әріптен тұрған жағдайларда эллипстің бас осі тік

б о л у ы

м ү м к і н .

3. Ерекшелік белгісі тіркеу нөміріне енгізілмеуі немесе оны тіркеу нөмірі ретінде қабылдайтындай етіп немесе оның қолайлы оқылуын нашарлатуы мүмкін болатындай белгіленбеуі керек .

4. Мотоциклдер мен олардың тіркемелерінде эллипс осінің ұзындығы 0,175 м-ден (6,9 дюйм) және 0,115 м-ден (4,5 дюйм) кем болмауға тиіс. Басқа автомобильдер мен олардың тіркемелерінде эллипс осінің ұзындығы кемінде:

а) егер ерекшелік белгісі үш әріптен тұрса, 0,24 м (9,4 дюйм) және 0,145 м (5,7 дюйм) ;

б) егер ерекшелік белгісі үш әріптен кем болса, 0,175 м (6,9 дюйм) және 0,115 м (4,5 дюйм) болуы керек .

5. 2-қосымшаның 3-тармағының ережелері көлік құралдарындағы ерекшелік белгісін белгілеуге қолданылады.

## 4-ҚОСЫМША

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРДІҢ ТАҢУ БЕЛГІЛЕРІ

1. Таңу белгілеріне :

а) автомобильдер үшін :

- i) көлік құралын шығарушы зауыттың аты немесе маркасы;
- ii) автомобильдің шассиінде немесе (ол болмаған кезде) шанағында зауыттық нөмірі немесе шығарушы зауыттың сериялық нөмірі;
- iii) қозғалтқышында - егер мұндай нөмірді шығарушы зауыт белгілесе, қозғалтқыштың зауыттық нөмірі;

б) тіркемелер үшін - жоғарыда, «i» және «ii» тармақшаларында көрсетілген таңбалар ;

с) аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер үшін — қозғалтқыштың жұмыс көлемін және «СМ» маркасын көрсету кіреді.

2. Осы қосымшаның 1-тармағында айтылған таңу белгілеріне енгізілген әріптер мен цифрлар жеңіл қол жетімді жерде орналасуға және оқуға қолайлы болуға тиіс; бұдан басқа, оларды өзгерту немесе жою қиын болатындай етіп жазылған болуы керек. Таңу белгілері тек латын әріптерімен немесе жазумен және араб цифрларымен жазылуға тиіс не олар осылайша қайталануға тиіс.

## 5-ҚОСЫМША

# АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН ТІРКЕМЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР

1. Осы Конвенцияның 1-бабының «п» тармақшасына сәйкес жүктемесіз салмағы 400 кг-нан (900 фунт) аспайтын үш доңғалақты көлік құралдарын мотоциклдерге теңестіруге өзінің ниеті туралы мәлімдеген Уағдаласушы Тараптар не мотоциклдерге, не басқа автомобильдерге қатысты осы қосымшадағы нұсқамаларды оларға таратуға т и і с .

2. Осы қосымшада «тіркеме» деген термин автомобиль сүйретпеге алуға арналған тіркемелерге ғ а н а қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы Конвенцияның 3-бабы 2-тармағының «а» тармақшасының ережелері сақталған жағдайда әрбір Уағдаласушы Тарап өзі тіркейтін автомобильдер үшін және өз ұлттық заңнамасына сәйкес қозғалысқа жіберетін тіркемелер үшін осы қосымшаның ережелерін толықтыратын немесе қатаңырақ болып табылатын нұсқамалар бере алады.

## I тарау Тежеу

4 . О с ы т а р а у д а :

а) «бір осьтегі доңғалақтар» деген термин көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы немесе симметриялы дерлік орналасқан, тіпті егер олар бір осьте (ось-тандем екі ось ретінде қарастырылады) орналасқан жағдайда да, доңғалақтарды білдіреді;

б) «жұмыс тежегіші» деген термин көлік құралының қозғалысын баяулату және тоқтату үшін пайдаланылатын қондырғыны білдіреді;

с) «тұру тежегіші» деген термин жүргізуші жоқ болғанда көлік құралын қозғалыссыз күйде ұстап тұру үшін немесе қозғалыссыз күйде тіркеуден ағытылған тіркемені ұстау үшін пайдаланылатын қондырғыны білдіреді;

д) «апаттық тежегіш» деген термин жұмыс тежегіші істен шыққан жағдайда көлік құралының қозғалысын баяулатуға және тоқтатуға арналған қондырғыны білдіреді.

А. Мотоциклдерден өзге автомобильдерді тежеу

5. Мотоциклден өзге әрбір автомобильде рульдегі жүргізуші оңай әрекетке келтіре алатын тежегіштер болуға тиіс. Бұл тежеу қондырғылары мынадай үш тежеу функциясын орындауы керек:

а) жұмыс тежегіші - көлік құралына тиеу жағдайына және оның өрге немесе ылдиға қозғалуына қарамастан, көлік құралының қозғалысын баяулату және сенімді, тез және тиімді тоқтату;

б) «тұру тежегіші» - көлік құралына тиеу жағдайына және оның өрге немесе 16 % еңістікпен ылдида қозғалуына қарамастан, көлік құралын қозғалыссыз күйде ұстап

тұру, бұл ретте тежегіштің тежеу қабаты таза механикалық түрдегі қондырғы арқылы тежеу жағдайында ұстап тұруға тиіс;

с) «апаттық тежегіш» - көлік құралына тиеу жағдайына қарамастан, жұмыс тежегіші істен шыққан жағдайда да жеткілікті қысқа ара қашықтықта көлік құралының қозғалысын баяулату және оны тоқтату.

6. Осы қосымшаның 5-тармағының ережелерін сақтаған жағдайда тежеудің (жұмыс, апаттық және тұру) үш функциясын орындауды қамтамасыз ететін құрылғылардың ортақ бөліктері болуы мүмкін; жетектерді қосуға бұл ретте ең болмағанда екі жетек жеке қалған жағдайда ғана жол беріледі.

7. Жұмыс тежегіші көлік құралының барлық доңғалақтарына әсер етуі керек; алайда екіден көп осі бар көлік құралдарында бір осьтің доңғалақтары тежелмеуі мүмкін.

8. Апаттық тежегіш көлік құралының ұзына бойғы орта қимасының әр жағынан ең болмағанда бір доңғалаққа әсер етуі керек; осыған ұқсас жағдай тұру тежегішіне де қ а т ы с т ы .

9. Жұмыс тежегіші мен тұру тежегіші жеткілікті берік бөліктердің көмегімен доңғалақтармен ұдайы байланысты тежеуші қабатқа әсеретуі керек.

10. Ешқандай тежеуші қабат ол доңғалақтардан ажыратыла алатындай болып құрылмауға тиіс. Алайда мұндай ажырауға кейбір тежеуші қабаттар үшін мынадай жағдайларда жол беріледі:

а) ол, мысалы беру санын өзгерту кезінде қысқа уақытты болып табылса;

б) тұру тежеушіне қатысты ол жүргізушінің әрекеті нәтижесінде ғана болуға тиіс;

с) жұмыс немесе апаттық тежегішке қатысты тежеу осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес нұсқалған тиімділікпен жалғастырылады.

В . Т і р к е м е л е р д і т е ж е у

11. Осы қосымшаның 17-тармағы «с» тармақшасының ережелерін сақтаған жағдайда, жеңіл тіркемелерді қоспағанда, әрбір тіркемеде мыналар, атап айтқанда:

а) көлік құралына тиеу жағдайына және оның өрге немесе ылдиға қозғалуына қарамастан, көлік құралының қозғалысын баяулатуға және сенімді, тез және тиімді тоқтатуға мүмкіндік беретін жұмыс тежегіші;

б) көлік құралына тиеу жағдайына және оның өрге немесе 16 % еңістікпен ылдида қозғалуына қарамастан, көлік құралын қозғалыссыз жағдайда ұстап тұруға мүмкіндік беретін тұру тежегіші болуға тиіс, бұл ретте тежегіштің тежеу қабаты таза механикалық түрдегі қондырғы арқылы тежеу жағдайында ұстап тұруға тиіс. Бұл ереже тұру тежегішіне қойылатын талаптар көлік құралдарының құрамына қатысты сақталатын болса, тартқыш көлік құралынан ағытылған болуы мүмкін тіркемелерге қ о л д а н ы л м а й д ы .

12. Тежеудің осы екі функциясының (жұмыс және тұру) орындалуын қамтамасыз етуші қондырғылардың ортақ бөліктері болуы мүмкін.

13. Жұмыс тежегіші тіркеменің барлық доңғалақтарына әсер етуі тиіс.

14. Жұмыс тежегіші көлік тартқыш құралының жұмыс тежегішінің жетегімен әрекетке келтірілуі керек; алайда егер тіркеменің рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3 500 кг-нан (7 700 фунт) аспаса, жұмыс тежегіші қозғалыс уақытында ол тіркеменің тартқышпен жақындасу жолымен (инерция күшімен тежелу) ғана әрекетке келтірілетіндей етіп құрастырылған бола алады.

15. Жұмыс тежегіші мен тұру тежегіші жеткілікті берік бөліктердің көмегімен доңғалақтармен ұдайы байланысты тежелу қабатына әсер етуге тиіс.

16. Тежеу қондырғылары қозғалыс уақытында тіркеу қондырғысы үзілген жағдайда тіркеменің тоқтауын өздігінен қамтамасыз етуге тиіс. Алайда бұл нұсқама рұқсат етілген ең жоғары салмағы 1 500 кг-нан (3 300 фунт) аспаған және тіркемелерді қоспағанда, оларда тіркеу құрылғысымен қатар осы қосымшаның 58-тармағында көзделген қосымша тіркеу қондырғысы бар болған жағдайда және осьтер арасындағы ара қашықтық кемінде 1 м-ді (40 дюйм) құрайтын бір осьті де, екі осьті де тіркемелерге қолданылмады.

С. Көлік құралдарының құрамдарын тежеу

17. Осы тараудың А және В бөлімдеріндегі тіркелмеген көлік құралдарына (автомобильдер мен мотоциклдер) қатысты ережелерге қосымша, тіркелген көлік құралдарының құрамдарына мынадай ережелер жатады:

а) құрамның бөлігі болып табылатын әрбір көлік құралының тежеу қондырғысы үйлесімді болуға тиіс;

б) жұмыс тежегішінің әсері тіркелген көлік құралдарының барлық құрамына тиісті түрде таралуға және қайталануға тиіс;

с) жұмыс тежегішімен жабдықталмаған тіркеменің рұқсат етілген ең жоғары салмағы жүктемесіз тартқыш көлік құралы салмағының және жүргізуші салмағының қосындысының жартысынан аспауға тиіс.

Б. Мотоциклдерді тежеу

18. а) Әрбір мотоциклде екі тежеу қондырғысы болуға тиіс, олардың бірі ең болмағанда артқы доңғалаққа немесе доңғалақтарға, ал екіншісі - ең болмағанда алдыңғы доңғалаққа немесе доңғалақтарға әсер етеді; егер мотоциклде арба болса, арбаның доңғалақтарын тежеу қажет емес. Бұл тежеу қондырғылары мотоциклді тиеу жағдайына және оның өрге немесе ылдиға қозғалуына қарамастан, оның қозғалысын баяулатуға және сенімді, тез және тиімді тоқтатуға мүмкіндік беруге тиіс.

б) Осы тармақтың «а» тармақшасындағы ережелерге қосымша көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы орналасқан үш доңғалақты мотоциклдер осы қосымшаның 5-тармағы «б» тармақшасының ережелеріне сәйкес тұру тежегішімен жабдыкталуға тиіс.

## II тарау

### Шамдар және жарық шағылыстырғыш құрылғылар

19. Осы Конвенцияның ережелерін қолдану кезінде:

«алыс жарық шамы» деген термин алға қарай қозғалыс бағытында жолды алыс ара қашықтықтан жарықтандыруға арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«жақын жарық шамы» деген термин қарсы көлік құралдарының жүргізушілері мен жолдарды басқа пайдаланушылардың көзіне шамадан тыс шағылыстырмайтындай және кедергілер келтірмейтіндей етіп көлік құралының алдынан жолды жарықтандыруға арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«кіші фара» деген термин көлік құралының және оның габариттік енінің алдынан сигнал беруге арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«артқы габариттік фонарь» деген термин көлік құралының және оның габариттік енінің артынан сигнал беруге арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«тоқтау сигналы» деген термин жүргізушінің жұмыс тежегішін әрекетке келтіргені туралы көлік құралының артындағы жолды басқа пайдаланушыларға сигнал беруге арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«тұманға қарсы фара» деген термин тұманда, қалың қарда, нөсерде немесе шаң дауылында жолды жарықтандыруды жақсартуға арналған көлік құралының шамын білдіреді ;

«артқы фара» деген термин көлік құралының артынан жолды жарықтандыруға және артқа жүргенде немесе жүруге ниеттенгенде жолды басқа пайдаланушыларға ескерту сигналын беруге арналған көлік құралының шамын білдіреді;

«бұрылу көрсеткіші» деген термин жүргізушінің оңға немесе солға бұрылу ниеті туралы жолды басқа пайдаланушыларға сигнал беруіне арналған көлік құралының шамын білдіреді ;

«жарыққа шағылысатын құрылғы» деген термин бұл көлік құралымен байланысты емес жарық көзі беретін жарық сәулесі арқылы көлік құралының бар екені туралы сигнал беруге арналған құрылғыны білдіреді, бұл ретте бақылаушы осы жарық көзіне жақын тұрады ;

«жарық түсіргіш үстіңгі бет» деген термин шамдарға қатысты жарық берілетін көрінетін үстіңгі бетті, ал жарық түсіргіш құрылғыларға қатысты жарық сәулесі түсетін көрінетін үстіңгі бетті білдіреді.

20. Осы тарауда көрсетілген шамдардың түстері мүмкіндігіне қарай осы қосымшаға толықтырудағы анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.

21. Мотоциклдерден басқа, тегіс жолда жылдамдығы сағатына 40 км-ден (25 миль) асуы мүмкін әрбір автомобильде алдыңғы жағынан ашық ауа райында түнде көлік құралының алдындағы кем дегенде 100 м (325 фут) ара қашықтықты тиісті түрде жарықтандыруға қабілетті ақ немесе сары селективтік алыс жарық шамдарының екеуі

болуға тиіс. Алыс жарық шамдарының жарық түсіргіш үстіңгі беттің сыртқы шеттері ешқандай жағдайда жақын жарық шамдары жарық түсіргіш үстіңгі беттің сыртқы шеттеріне қарағанда көлік құралының габариттік енінің шетіне жақын орналаспауға тиіс.

22. Мотоциклдерден басқа, тегіс жолда жылдамдығы сағатына 10 км-ден (6 миль) асуы мүмкін әрбір автомобиль көлік құралының алдыңғы жағынан ашық ауа райында түнде кем дегенде 40 м (130 фут) қашықтықта тиісті түрде жолды жарықтандыруға қабілетті ақ немесе сары селективтік екі жақын жарық шамымен жарақтандырылуға тиіс. Көлік құралының ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі бетінің нүктесі әр жағынан көлік құралының габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс. Автомобильде жақын жарық шамдары екеуден көп болмауы керек. Жақын жарық шамдары осы қосымшаның 19-тармағында баяндалған анықтамаға сәйкес келетіндей реттелген болуға тиіс.

23. Арбасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге әрбір автомобильде ақ түсті екі кіші фара болуы керек; алайда селективтік сары түс шоғырын беретін алыс немесе жақын жарық фараларымен қосарланған кіші фаралар үшін селективтік сары түс рұқсат етіледі. Егер бұл кіші фаралар көлік құралының алдыңғы жағынан қосылған жалғыз шамдар болып табылса, жолды басқа пайдаланушылардың көзіне шағылыспай және артық қолайсыздықтар туғызбай, ашық ауа райында түнде кемінде 300 м (1000 фут) ара қашықтықтан көрінетін болуға тиіс. Көлік құралының ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі бетінің нүктесі әр жағынан көлік құралының габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс.

24. а) Арбасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге әрбір автомобильде жолды басқа пайдаланушылардың көзіне шағылыспай және артық қолайсыздықтар туғызбай, ашық ауа райында түнде кемінде 300 м (1000 фут) ара қашықтықтан көрінетін жұп санды қызыл түсті артқы габариттік фонары болуға тиіс. Көлік құралының ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі бетінің нүктесі әр жағынан көлік құралының габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс.

б) Әрбір тіркемеде жолды басқа пайдаланушылардың көзіне шағылыспай және артық қолайсыздықтар туғызбай, ашық ауа райында түнде кемінде 300 м (1000 фут) ара қашықтықтан көрінетін екі қызыл түсті артқы габариттік шамдары болуға тиіс. Тіркеменің ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі бетінің нүктесі әр жағынан тіркеменің габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс. Алайда габариттік ені 0,80 м-ден (32 дюйм) аспайтын тіркемелерде, егер оларды коляскасыз екі доңғалақты мотоцикл сүйретпеге алса, бұл шамдардың бірі болуы мүмкін.

25. Әрбір автомобиль немесе артында нөмірлік белгісі бар тіркеме бұл белгіні жарықтандыруға арналған құрылғымен жарақталуға тиіс, ол осы құрылғымен жарықтандырылатын нөмірлік белгі көлік құралы тоқтап тұрғанда көлік құралының



артынан 20 м (65 фут) ара қашықтықта ашық ауа райында түнде оқуға қолайлы болатындай етіп орнатылуға тиіс; алайда әрбір Уағдаласушы Тарап түнде оқуға қолайлы бұл ең төменгі ара қашықтықты осы Конвенцияға 2-қосымшаның 2-тармағына сәйкес шектерде және ол күндіз оқуға қолайлы ең төменгі ара қашықтықты азайтатын көлік құралдары үшін азайта алады.

26. Мотоциклдерді қоса алғанда, әрбір автомобильде және автомобиль мен бір немесе бірнеше тіркемелерден тұратын көлік құралдарының әрбір құрамында электрлік қосылыстар автомобильдердің алыс жарық шамдары, жақын жарық шамдары, тұманға қарсы фаралары, кіші фаралары және жоғарыда 25-тармақта айтылған құрылғы автомобильдің немесе құрамға енгізілген соңғы көлік құралының артқы габариттік фонарьларын бір уақытта жаққанда ғана қосыла алатындай етіп құрылуға тиіс.

Алайда бұл ереже осы Конвенцияның 33-бабының 5-тармағында көрсетілген жарық сигналдарын беру үшін қолданылатын болса, алыс және жақын жарық шамдарына қатысты емес. Бұдан басқа, электрлік қосылыстар жақын жарық шамдарын, алыс жарық шамдарын немесе тұманға қарсы фараларды жаққан кезде автомобильдердің кіші фаралары әрқашан жанатындай етіп құрылуға тиіс.

27. Арбасыз екі доңғалақты мотоциклден өзге әрбір автомобильдің артында үш бұрышты емес нысанда қызыл түсті жарық қайтарғыш кемінде екі құрылғы болуға тиіс. Көлік құралының ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі бетінің шеті әр жағынан көлік құралының габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс. Жарық шағылыстырғыш құрылғылар осы көлік құралының алыс жарығымен жарықтанғанда ашық ауа райында түнде кемінде 150 м (500 фут) ара қашықтықтан көлік құралының жүргізушісіне көрінетін болуы керек.

28. Әрбір тіркеменің артында кемінде екі қызыл жарық қайтарғыш құрылғы болуға тиіс. Бұл жарық шағылыстырғыш құрылғылар сүйір ұшы жоғары қараған және бір көлденең қабырғасы бар тең бүйірлі үшбұрыш нысанында, бұл ретте әр қабырғасының ұзындығы кемінде 0,15 м (6 дюйм) және 0,2 м (8 дюйм) аспайтын болуы керек; ешқандай сигнал шамы бұл үшбұрыштың ішіне орналаспауға тиіс. Көрсетілген жарық шағылыстырғыш құрылғылар көрінуге қатысты жоғарыда, 27-тармақта баяндалған талаптарға жауап беруге тиіс. Тіркеменің ұзына бойғы орта қимасынан ең қашық жарықтанушы үстіңгі беттің нүктесі әр жағынан тіркеменің габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болуға тиіс. Алайда габариттік ені 0,80 м (32 дюйм) аспайтын тіркемелерде, егер оларды арбасыз екі доңғалақты мотоцикл сүйретпеге алса, бір ғана жарық шағылыстырғыш құрылғы болуы мүмкін.

29. Әрбір тіркемеде үшбұрышты емес нысанда жарық шағылыстырғыш екі ақ құрылғы болуы керек. Бұл жарық шағылыстырғыш құрылғылар жоғарыда, 27-тармақта баяндалған орналасу және көріну талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

30. Егер тіркеменің ені 1,6 м-ден (5 фут 4 дюйм) асса, оның алдыңғы жағында екі ақ кіші фарасы болуға тиіс. Осылайша нұсқалған кіші фаралар тіркеменің габариттік

енінің шетіне мүмкіндігінше жақын орналасқан болуы керек және кез келген жағдайда тіркеменің ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарықтанушы үстіңгі беттің сыртқы шеті осы шеттен кем дегенде 0,15 м (6 дюйм) болады.

31. Тегіс жолда жылдамдығы сағатына 25 км-ден (15 миль) асуы мүмкін әрбір автомобильдің (арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты мотоциклдерден басқа) артында жарық күші артқы габариттік фонарьлардың жарық күшінен айқын басым болатын екі қызыл тоқтау сигналы болуға тиіс. Осы ереже көлік құралдары құрамының соңындағы әрбір тіркемеге қатысты; алайда тартқыштың тоқтау сигналы көрінетіндей көлемдегі шағын тіркемелер үшін тоқтау сигналы міндетті болып табылмайды.

32. Осы Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіру туралы мәлімдеме жасаған Уағдаласушы Тараптар аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді төмендегі барлық ережелерді немесе олардың бөліктерін сақтаудан босата алатыны туралы ескертпемен:

а) арбасы бар немесе онсыз әрбір екі доңғалақты мотоцикл түсі және көрінуіне қатысты жоғарыда, 22-тармақтағы нұсқамаларға жауап беретін жақын жарық ф а р а с ы м е н ж а р а қ т а л у ғ а т и і с ;

б) тегіс жолда жылдамдығы сағатына 40 км-ден (25 миль) асуы мүмкін арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты әрбір мотоциклде жақын жарық фарасымен қатар түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 21-тармақтағы нұсқамаларға жауап беретін ең болмағанда алыс жарықтың бір фарасы болуға тиіс. Егер мұндай мотоциклде алыс жарықтың бір фарасынан көп болса, бұл фаралар мүмкіндігінше бір-біріне жақын орналасуы керек;

с) арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты әрбір мотоциклде жақын жарықтың кемінде бір фарасы және алыс жарықтың кем дегенде екі фарасы болуға тиіс.

33. Арбасы екі доңғалақты әрбір мотоцикл алдыңғы жағынан түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 23-тармақтағы нұсқамаларға жауап беретін бір немесе екі кіші фарамен жарактандырылуға тиіс. Егер мұндай мотоциклде екі кіші фара болса, бұл кіші фаралар мүмкіндігінше бір-біріне жақын орналасуы керек. Арбасыз екі доңғалақты мотоциклде кіші фара екеуден көп болмауы керек.

34. Арбасыз екі доңғалақты әрбір мотоциклде түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 24-тармақтың «а» тармақшасындағы нұсқамаларға жауап беретін бір артқы габариттік ф а р а б о л у ы к е р е к .

35. Арбасыз екі доңғалақты әрбір мотоциклдің артында түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 27-тармақтағы нұсқамаларды қанағаттандыратын бір жарық шағылыстырғыш құрылғы болуға тиіс.

36. Арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты әрбір мотоциклде осы Конвенцияның 54-бабының 2-тармағына сәйкес аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерді мотоциклдерге теңестіру туралы мәлімдеме жасаған Уағдаласушы Тараптар бұл нұсқаманы арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты велосипедтерге қолданылмауы мүмкін екені туралы ескертпемен жоғарыда 31-тармақта келтірілген ережелерді

қанағаттандыратын тоқтау сигналы болуы керек.

37. Арбасыз мотоциклдерге нұсқалған шамдар мен құрылғыларға қатысты ережелер үшін зиян келтірмей, екі доңғалақты мотоциклге біріктірілген әрбір арбада түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 23-тармақтағы нұсқамаларға жауап беретін бір кіші фара, түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 24-тармақтың «а» тармақшасындағы нұсқамаларға жауап беретін артқы бір габариттік фонары және түсі мен көрінуіне қатысты жоғарыда, 27-тармақтағы нұсқамаларға жауап беретін бір жарық қайтарғыш құрылғы болуы керек. Электрлік қосылыстар арбаның кіші фарасы мен артқы габариттік фонары мотоциклдің артқы габариттік фонарымен бір уақытта жанатындай болып жасалуға тиіс. Қалай болғанда да арбада алыс немесе жақын жарық фаралары болмауы керек.

38. Конвенцияның 1-бабының «п» тармақшасына сәйкес мотоциклдерге теңестірілген көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы үш доңғалақты автомобильдер жоғарыда, 21, 22, 23, 24 «а», 27 және 31-тармақтарда нұсқалған құрылғылармен жарақталған болуға тиіс. Алайда егер мұндай көлік құралының ені 1,3 м (4 фут 3 дюйм) аспаса, онда алыс жарықтың бір фарасы және жақын жарықтың бір фарасы жеткілікті. Бұл жағдайда көлік құралының габариттік еніне қатысты жарық түсіргіш үстіңгі беттің ара қашықтығына қатысты нұсқама қолданылмайды.

39. Жолды басқа пайдаланушылар үшін барлық бағыттарда көрінетін қозғалыс бағытының өзгеруі туралы жүргізушілері қолмен сигналдар бере алатындарды қоспағанда, әрбір автомобильде көлік құралында жұптасып орналасқан және жолды пайдаланушылар күндіз де, түнде де көретін автосары түсті жанып-сөнетін шамдары бар қозғалмайтын бұрылу көрсеткіші болуға тиіс. Бұл шамдардың жанып-сөну жиілігі +30-ға рұқсат бере отырып, минутына 90-ды құрауы керек.

40. Егер арбасы бар немесе арбасы жоқ екі доңғалақты мотоциклден өзге автомобильде тұманға қарсы фаралар болса, олардың саны екеу және ақ немесе сары селективтік түсті болуы және олар жарық түсіргіш үстіңгі беттің бірде-бір нүктесі жақын жарық шамдарының жарық түсіргіш үстіңгі бетінің ең жоғарғы нүктесінен жоғары болмайтындай және көлік құралының ұзына бойғы орта қимасынан ең алыс жарық түсіргіш үстіңгі бетінің нүктесі әр жағынан көлік құралының габариттік енінің шетінен кемінде 0,4 м (16 дюйм) болатындай етіп орнатылуға тиіс.

41. Қандай да бір артқы фара жолды басқа пайдаланушылардың көзін шағылыстырмауға немесе қолайсыздықтар туғызуға әкеп соқпауы керек. Егер автомобиль артқы фарамен жабдықталған болса, онда бұл фара ақ, автосары немесе сары селективтік жарық беруі тиіс. Оны қосуға арналған құрылғы артқы жүріс құрылғысы әрекетке келтірілгенде ғана қосылатындай етіп құрылуға тиіс.

42. Жалпы жол қозғалысы ережелерін сақтауға міндетті емес немесе олардың жолда болуы жолды басқа пайдаланушыларға ерекше сақтық сақтауды міндеттейтін көлік

құралдарын немесе көлік құралдарының құрамдарын белгілеу үшін Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес пайдаланылатын шамдарды қоспағанда, автомобильге немесе тіркемеге орнатылған бұрылу көрсеткіштері шамдарынан өзге қандай да бір шам жанып-сөнетін болмауға тиіс; мұндай көлік құралдары, атап айтқанда өтуге басым құқығы бар көлік құралдары, автопоездар, ерекше көлемді көлік құралдары және жол құрылысы немесе жөндеу үшін пайдаланылатын көлік құралдары немесе жабдықтар болып табылады. Алайда Уағдаласушы Тараптар қызыл жарық беретін шамдарды қоспағанда, көлік құралы уақытша туғызатын ерекше қауіп туралы ескерту үшін кейбір шамдардың немесе осы шамдар бөліктерінің жанып-сөнугіне рұқсат ете алады немесе нұсқама бере алады.

43. Осы қосымшаның ережелерін қолдану кезінде:

a) ұқсас немесе ұқсамайтын, бірақ бір мақсаттағы және бірдей түсті екі немесе одан көп шамдардың кез-келген үйлесімін, егер көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына перпендикуляр олар жарық түсіргіш үстіңгі беттердің көлденең жазықтыққа кескіні көрсетілген жарық түсіргіш үстіңгі беттердің кескінін сипаттайтын ең кішкене тікбұрышының кем дегенде 50 %-ын алып тұрса, бір шам ретінде;

b) ол көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы орналасады, ол көлік құралының габариттік енінің шетінен 0,4 м (16 дюйм) ара қашықтықта болады және оның ұзындығы кем дегенде 0,8 м-ді (32 дюйм) құрайды деген шартпен екі шамды немесе шамдардың жұбын жолақ нысанындағы біртұтас үстіңгі беттің жарық түсіргіш екі шамы немесе шамдардың қосарлы саны ретінде қарастыру қажет. Бұл үстіңгі бетті жарықтандыруды мүмкіндігінше оның шеттеріне жақын орналасқан кемінде екі жарық көзі жүзеге асыруы керек. Жарық түсіргіш үстіңгі қабатқа көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына перпендикуляр көлденең үстіңгі беттің түрлі элементтерінің үстіңгі бетіне жарық түсіргіш кескіні көрсетілген жарық түсірілетін элементтердің үстіңгі бетінің кескінін суреттейтін ең кіші тікбұрыштың кемінде 50 %-ын алатындай болып орналасуға тиіс.

44. Бір көлік құралындағы бірдей мақсаттағы және бір жаққа бағытталған шамдар бір түсті болуы керек. Сандары жұп болып табылатын шамдар мен жарық шағылыстырғыш құрылғылар сыртқы түрі симметриялы болып табылмайтын көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы орналасуға тиіс. Шамдардың әрбір жұбының жарық күші айқын бірдей б о л у ы к е р е к .

45. Өз мақсаты бойынша әр түрлі шамдар және осы тараудың басқа тармақтарының ережелерін сақтаған жағдайда, шамдар мен жарық шағылыстырғыш құрылғылар бір жарық аспабына құрастырылған немесе осы шамдардың және жарық шағылыстырғыш құрылғылардың әрқайсысы осы қосымшаның оған қатысты ережелеріне сәйкес келген жағдайда, оған біріктірілуі мүмкін.

### Ш тарау

#### Басқа нұсқамалар

#### Р у л ь д і к б а с қ а р у

46. Әрбір автомобильде жүргізушіге көлік құралының қозғалыс бағытын жеңіл, тез және сенімді өзгертуге мүмкіндік беретін берік рульдік құрылғы болуға тиіс.

#### А р т қ ы к ө р і н і с а й н а с ы

47. Арбасы бар немесе онсыз екі доңғалақты мотоциклден өзге әрбір автомобильде бір немесе бірнеше артқы көрініс айнасы болуға тиіс; бұл айналардың саны, көлемі және орналасуы жүргізуші өзінің көлік құралының артындағы жол қозғалысын көре алатындай болуы керек.

#### Д ы б ы с т ы қ с и г н а л а с п а б ы

48. Әрбір автомобильде қуаты жеткілікті кем дегенде бір дыбыстық сигнал аспабы болуы керек. Сигнал аспабы шығаратын дыбыс ұзақ, біртекті және қатты емес болуы керек. Жүруде басым құқыққа ие көлік құралдары мен жалпы пайдаланымдағы жолаушы тасымалдайтын көлік құралдарында бұл талаптарға жауап бермейтін қосымша дыбыстық сигнал аспаптары болуы мүмкін.

#### Ә й н е к т а з а л а ғ ы ш

49. Жүргізуші өз орнынан алдыңғы жағынан жолды тек желқағар әйнегінің мөлдір элементтері арқылы ғана еркін көре алатындай көлемдегі және нысандағы желқағар әйнегімен жарактандырылған әрбір автомобильде кемінде бір тиімді және берік әйнек тазалағыш болуға тиіс, ол тиісті қалыпта жүргізушінің ұдайы араласуын қажет етпей жұмыс істейді.

#### Ә й н е к ж у ғ ы ш

50. Міндетті түрде кем дегенде бір әйнек тазалағышы болуға тиіс әрбір автомобильде әйнек жуғыш та болуы керек.

#### Ж е л қ а ғ а р ә й н е к ж ә н е ә й н е к т е р

51. Әрбір автомобильде және әрбір тіркемеде

а) желқағар әйнекті қоса алғанда, көлік құралының сыртқы элементтері немесе ішкі бөлулердің элементтері жасалған мөлдір материалдар зақымданған жағдайда олардан мертiгу қаупі барынша аз болатындай болуға тиіс;

б) желқағар әйнек мөлдірлігі нашарламайтын материалдан жасалуға тиіс және ол арқылы көрінетін заттарды қандай да айтарлықтай бұрмалауды болдырмайтын және зақымданған жағдайда жүргізуші жеткілікті шамада жолды көретіндей болуы керек.

#### А р т қ ы ж ү р і с қ о з ғ а л ы с ы н а а р н а л ғ а н қ ұ р ы л ғ ы

52. Әрбір автомобиль жүргізуші орнынан әрекетке келтірілетін артқы жүріс қозғалысына арналған құрылғымен жарактандырылуға тиіс. Алайда бұл құрылғы, егер

рұқсат етілген ең жоғары салмағы 400 кг-нан (900 фунт) асқан жағдайда ғана көлік құралының ұзына бойғы орта қимасына қатысты симметриялы орналасқан үш доңғалақты мотоциклдер мен автомобильдер үшін міндетті болып табылады.

#### С ө н д і р г і ш

53. Автомобильге орналастырылған әрбір ішкі жану қозғалтқышы тиімді сөндіргішпен жарақтандырылған болуға тиіс; бұл құрылғы жүргізуші өз орнынан оны жұмыс істемейтін күйге келтіре алмайтындай болып орналасуы керек.

#### Ш и н а л а р

54. Автомобильдер мен олардың тіркемелерінің доңғалақтары пневматикалық шиналармен жарақтандырылуға тиіс, бұл ретте бұл шиналардың жай-күйі қауіпсіздікті және тіпті дымқыл жолда да топырақпен тұтасу қамтамасыз етілетіндей болуы керек. Алайда бұл ереже Уағдаласушы Тараптарға кем дегенде пневматикалық шиналарды пайдалану кезінде алынатын нәтижелерге тең нәтижелер бере алатын құрылғыларды пайдалануға рұқсат етуіне кедергі келтірмейді.

#### С п и д о м е т р

55. Тегіс жолда жылдамдығы сағатына 40 км-ден (25 миль) асуы мүмкін әрбір автомобильде спидометр болуға тиіс; алайда әрбір Уағдаласушы Тарап бұл нұсқаманы мотоциклдердің және басқа да жеңіл көлік құралдарының кейбір санаттарына қолданбауы мүмкін.

Автомобильдердегі сигнализацияға арналған құрылғы

56. Осы Конвенцияның 23-бабының 5-тармағында және 1-қосымшаның 6-тармағында айтылған құрылғы:

а) не қабырғаларының ұзындығы кемінде 0,4 м (16 дюйм) және ені кемінде 0,05 м (2 дюйм) қызыл шеттері бар теңбүйірлі үшбұрыш нысанындағы қалқанша болуы тиіс; бұл үшбұрыштың ортасы көрінбейтін немесе ақшыл түске боялған болуы мүмкін; қызыл шеттері өзінің мөлдірлігіне байланысты жарық өткізуі немесе жарыққа шағылысатын қайтарғыш қасиетке ие жолағы болуы керек; қалқанша оны берік көлденең қалыпта қоюға болатындай етіп жасалуға тиіс;

б) не көлік құралы тіркелген елдің заңнамасында нұсқалған осындай тиімді басқа құрылғы болуға тиіс.

#### А й д а п ә к е т у г е қ а р с ы қ ұ р ы л ғ ы

57. Әрбір автомобиль көлік құралын тұраққа қалдырған сәттен бастап оны істен шығаруға немесе көлік құралының қандай да бір негізгі агрегатын блоктауға мүмкіндік беретін айдап әкетуге қарсы құрылғымен жарақтандырылуға тиіс.

#### Ж е ñ і л т і р к е м е л е р д і ñ т і р к е у қ ұ р ы л ғ ы с ы

58. Жартылай тіркемелерді қоспағанда, осы қосымшаның 16-тармағында көрсетілген автоматты тежегішпен жабдықталмаған тіркемелер тіркеу құрылғысымен

қатар тіркеу құрылғысы сынған жағдайда тәртенің жерге құлауын болдырмайтын және белгілі бір дәрежеде тіркемені ішінара басқаруды қамтамасыз ете алатын қосымша тіркеу құрылғысымен (шынжыр, трос және т.с.с.) жабдықталған болуы керек.

#### Ж а л п ы е р е ж е л е р

59. а) Автомобильдің тетіктері мен құрылғылары мүмкіндігінше өрт немесе жарылыс қаупін туғызбауы керек; олар сондай-ақ, шамадан тыс зиянды газдар, қою түтін бөлмеуі, жағымсыз иіс немесе шу шығармауы керек.

б) Автомобильдер қозғалтқыштарының жоғары кернеуді тұтату жүйесі мүмкіндігінше елеулі радиоэлектрлік кедергілерді шамадан тыс тарату көзі болып табылмауға тиіс.

с) Әрбір автомобильдің құрылымы жүргізушіге оған автомобильді қауіпсіз басқаруға мүмкіндік беретін алдыңғы жағынан, оң және сол жағынан жеткілікті көріністі қамтамасыз етуге тиіс.

д) Автомобильдер мен тіркемелердің құрылымы және жабдықталуы мүмкіндігінше жол-көлік оқиғасы болған жағдайда олардың жолаушылары үшін және жолды басқа пайдаланушылар үшін қауіпті азайтуды қамтамасыз етуге тиіс. Атап айтқанда, көлік құралдарында ішінде де, сыртында да сәндік заттар немесе шеттері сүйір немесе жүргізушілер мен жолаушылар үшін және жолды басқа пайдаланушылар үшін қауіп туғызуы мүмкін көлік құралының габаритінен шығып тұратын қажет болып табылмайтын заттар болмауға тиіс.

## VI тарау

### Ережелерден ауытқу

60. Осы Конвенцияны өз аумағында қолдану кезінде Уағдаласушы Тараптар:

а) тегіс жолда конструктивтік жылдамдығы сағатына 25 км-ден (15 миль) аспайтын немесе ұлттық заңнамаға сәйкес жылдамдығы сағатына 25 км-ден аспауы тиіс автомобильдер мен тіркемелерге;

б) мүгедектер арбаларына, яғни бейімделіп қана қоймай, мертіккен немесе дене кемістігі бар адамның пайдалануы үшін арнайы құрастырылған және соған арналған және, әдетте, сол адам ғана пайдаланатын кішкене автомобильдерге;

с) техника жетістіктерін қолдану және қауіпсіздікті арттыру мақсатындағы эксперименттерге арналған көлік құралдарына;

д) ерекше тұрпатты немесе ерекше түрдегі көлік құралдарына немесе ерекше жағдайларда арнайы мақсаттар үшін пайдаланылатын көлік құралдарына қатысты осы қосымшаның ережелерінен ауытқуға жол беруі мүмкін.

61. Уағдаласушы Тараптар, сондай-ақ халықаралық қозғалыста болуы мүмкін өздері тіркейтін көлік құралдарына қатысты осы қосымшаның ережелерінен:

а) осы қосымшаның 23 және 30-тармақтарында көрсетілген кіші фаралар және осы

қосымшаның 29-тармағында көрсетілген жарыққа шағылысатын құрылғылар үшін автосары түске рұқсат ете отырып;

б) осы қосымшаның 39-тармағында көрсетілген көлік құралының артына орнатылатын бұрылу көрсеткіші үшін қызыл түске рұқсат ете отырып,

с) осы қосымшаның 42-тармағының соңғы фразасында көрсетілген көлік құралының артына орнатылатын шамдар үшін қызыл түске рұқсат ете отырып;

д) сыртқы тұрпаты бұл ережелерді сақтауға мүмкіндік бермейтін мамандандырылған көлік құралдарында шамдардың орналасуына қатысты, жеңіл бұлінуі немесе үзілуі мүмкін монтаждық құрылғыларды пайдаланбай;

е) өзі тіркейтін автомобильдерде тақ, саны екіден артық алыс жарық шамдарының болуына рұқсат ете отырып; және

ф) ұзын өлшемді (бөренелер, құбырлар және т.с.с.) және қозғалыс кезінде тартқышпен тіркелмейтін, онымен тек жүкпен байланысқан жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын тіркемелерге қатысты ауытқуға жол беруі мүмкін.

## VII тарау

### Өтпелі ережелер

62. Бұл автомобильдер мен тіркемелер 1949 жылғы Жол қозғалысы туралы конвенцияның 6-қосымшасы I, II және III бөлімдерінің нұсқамаларына жауап берген жағдайда, осы қосымшаның ережелері бірінші рет тіркелген автомобильдерге және Уағдаласушы Тараптың аумағында осы Конвенция күшіне енгенге дейін немесе ол күшіне енгеннен кейін екі жылдан соң пайдалануға берілген тіркемелерге қолданылмайды.

### ТОЛЫҚТЫРУ Осы қосымшада көрсетілген түстерді алу үшін түсті сүзгілерді белгілеу (түс коэффициенттері)

Қызыл	сарыға қарай шегі	$y \leq 0,335$
	қызыл күреңге қарай шегі <sup>1/</sup>	$z \leq 0,008$
Ақ	көкке қарай шегі	$x \geq 0,310$
	сарыға қарай шегі	$x \leq 0,500$
	жасылға қарай шегі	$y \leq 0,150 + 0,640x$
	жасылға қарай шегі	$y \leq 0,440$
	қызыл күреңге қарай шегі	$y \geq 0,050 + 0,750x$
	қызылға қарай шегі	$y \geq 0,382$
Автосары <sup>2/</sup>	сарыға қарай шегі <sup>1/</sup>	$y \leq 0,429$
	қызылға қарай шегі <sup>1/</sup>	$y \geq 0,398$
	аққа қарай шегі <sup>1/</sup>	$z \leq 0,007$



## С е л е к т и в т і к

сары<sup>3/</sup> қызылға қарай шегі <sup>1/</sup>  $y \geq 0,138 + 0,580 x$   
жасылға қарай шегі <sup>1/</sup>  $y \leq 1,29x - 0,100$   
спектрлік өлшем шегіне қарай <sup>1/</sup>  $y \leq -x + 0,992$

Осы сүзгілердің колориметрлік сипаттамаларын тексеру үшін түсті температурасы 2854° К жарық көзі пайдаланылатын болады (Жарықтандыру жөніндегі халықаралық комиссияның [ЖХК] А стандарттық көзіне сәйкес).

<sup>1/</sup> Мұндай жағдайларда ЖХК ұсынғаннан өзге шектер қабылданған, себебі шамдар жабдықталған лампалардың қысқыштарындағы қорек қуаты айтарлықтай тербеледі.

<sup>2/</sup> Осы уақытқа дейін «қызғылт» немесе «қызғылт-сары» аталған автомобильдер шамдарының түсіне қолданылады. ЖХК түсті үшбұрышының «сары» белгілі бір бөлігіне толығымен сәйкес келеді.

<sup>3/</sup> Тек алыс және жақын жарық фараларына қолданылады. Тұманға қарсы фараларға қатысты жарықтың селективтілігі қанағаттанарлық деп табылады, егер тазалық көрсеткіші 0,820 кем болмаса, ал ақ жағына шек -  $y \geq -x + 0,966$ , бұл жағдайда  $y \geq -x + 0,940$  және  $y = 0,440$ .

## 6-ҚОСЫМША

### ҰЛТТЫҚ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ

1. Ұлттық жүргізуші куәлігі А7 форматындағы (74x105 мм - 2,91x4,13 дюйм) қызғылт түсті парақты, не болмаса осы формат бойынша екіге (148x105 мм-5,82x4,13 дюйм), не болмаса осы формат бойынша үшке бүктелген (222x105 мм-8,78 x 4,13 дюйм) парағын білдіреді.

2. Куәлік бұл құжатты беретін немесе беру тапсырылған билік органы белгілеген тілде немесе тілдерде басылады; алайда онда француз тілінде "**Permis de conduire**" атауы белгіленеді, оған басқа тілдердегі "Жүргізуші куәлігі" атауы қатар жазылуы немесе жазылмауы мүмкін.

3. Куәлікке енгізілетін қолдан жазылған немесе машинкада басылған жазбалар не латын әліпбиінің әріптерімен жасалады не осылайш қайталады.

4. Куәлік беттерінің екеуі қоса беріліп отырған № 1 және 2 үлгілерге сәйкес келуі тиіс. Осы Конвенцияның 41-бабы 4-тармағының ережелерін ескере отырып, А, В, С, D және Е айдарларының мазмұны да, олардың әріптік белгіленуі де, куәлік иесінің жеке басына қатысты айдарлардың мәні де өзгермеген жағдайда, егер көрсетілген үлгілерге екінші дәрежелі өзгерістер енгізілетін болған жағдайда да, осы ереже орындалған болып есептеледі; атап айтқанда 1949 жылы 19 қыркүйекте Женевада жасалған Жол

қозғалысы туралы конвенцияға 9-қосымшаның үлгісіне сәйкес ұлттық жүргізуші куәліктері осы қосымшаның ережелерін қанағаттандырады деп қаралатын болады.

5. № 3 үлгінің бетін куәлікке қосу туралы және оған қосымша жазбалар енгізу туралы мәселе ұлттық заңнамамен айқындалады; егер тұрғылықты жерін өзгертуді көрсету үшін орын көзделсе, 1949 жылғы Конвенцияға 9-қосымшасының үлгісіне сәйкес келетін куәлікті қоспағанда, ол № 3 беттің сыртқы бетінде жоғары жағында орналасатын болады.

## № 1 БЕТТІҢ ҮЛГІСІ

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ <sup>1/</sup>							
1.	Тегі.....						
2.	Аты <sup>3/</sup> .....						
3.	Туған күні <sup>4/</sup> және туған жері <sup>5/</sup> .....						
4.	Тұрғылықты жері.....						
Иесінің қолы <sup>6/</sup>							
<table border="1" style="margin: auto;"> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">ф о т о с у р е т</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">3 5 x 4 5 м м</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">( 1 , 3 7 x 1 , 7 5 д ю й м )</td> </tr> </table>		ф о т о с у р е т		3 5 x 4 5 м м		( 1 , 3 7 x 1 , 7 5 д ю й м )	
ф о т о с у р е т							
3 5 x 4 5 м м							
( 1 , 3 7 x 1 , 7 5 д ю й м )							
5.	..... берген						
6.	..... (күні).....						
7.	..... дейін жарамды <sup>7/</sup>						
№	.....						
Қолы және т.б. <sup>8/</sup>							

## № 2 БЕТТІҢ ҮЛГІСІ

<u>2/</u>		
Басқару үшін куәлік берілген көлік құралдарының санаттары		
A	Мотоциклдер	<u>9/</u>
B	Рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) аспайтын (А санатында айтылғандарды қоспағанда) және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орындар саны сегізден аспайтын автомобильдер	<u>9/</u>
C	Жүктер тасымалдауға арналған, рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) асатын автомобильдер	<u>9/</u>
D	Жолаушылар тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орны 8-ден асатын автомобильдер	<u>9/</u>
E	B, C немесе D санаттарына жататын, жүргізуші басқаруға құқылы, бірақ өздері осы санаттардың біріне немесе осы санаттарға кірмейтін, тартқышы бар көлік құралдарының құрамдары	<u>9/</u>
		<u>10/</u>

## № 3 БЕТТІҢ ҮЛГІСІ

Берілген (күні)	дейін жарамды күні.....	дейін ұзартылды
Берілген (күні)	дейін жарамды күні.....	дейін ұзартылды
Берілген (күні)	дейін жарамды күні.....	дейін ұзартылды
Берілген (күні)	дейін жарамды күні.....	дейін ұзартылды
Берілген (күні)	дейін жарамды күні.....	дейін ұзартылды
10/		

1/. Екіге бүктелген куәліктерде (егер олардың бірінші беті үлгіге сәйкес келмейтіндей болып бүктелсе) және үшке бүктелген куәліктерде көрсетілген жазба бірінші бетке жазылуы мүмкін.

2/. Мұнда мемлекеттің атауы немесе осы Конвенцияға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген ерекшелік белгісі көрсетіледі. Жоғарыда, 1-ескертпедегі нұсқау осы айдарға да қатысты.

3/. Мұнда әкесінің немесе күйеуінің атын көрсетуге болады.

4/. Егер туған күні белгісіз болса, куәлік берілген сәттегі шамамен алғандағы жасын көрсету керек.

5/. Егер туған жері белгісіз болса, толтырылмасын.

6/. "Немесе қолының бас бармағының ізі". Қолы және қолының бас бармағының ізі енгізілмеуі мүмкін.

7/. Бұл айдар № 3 үлгіге сәйкес келетін беті бар куәліктерге міндетті емес.

8/. Куәлікті берген органның немесе оған уәкілетті бірлестіктің қолтаңбасы және/немесе мөрі немесе штемпелі. Екіге бүктелген куәліктерде (егер олардың бірінші беті үлгіге сәйкес келмейтіндей болып бүктелсе) және үшке бүктелген куәліктерде мөр немесе штемпель бірінші бетке қойылуы мүмкін.

9/. Куәлік берген органның мөрі немесе штемпелі және тиісті жағдайларда мөрдің немесе штемпельдің қойылған күні. Көрсетілген мөр немесе штемпель № 2 бет үлгісінің оң бағанына, куәлік жарамды көлік құралдарының санаттарын белгілеу бағандарының жанында және тек осы бағандардың қасына қойылады; осыған ұқсас ережелер ұзарту туралы белгілерге қолданылады, оларды № 3 бет үлгісінің оң бағанына енгізген жөн.

№ 2 бет үлгісінің оң бағанына куәлік берген органның мөрін немесе штемпелін қоюдың орнына Уағдаласушы тараптар № 1 бет үлгісінің жаңа 8 "Санаттар" айдарына куәлік жарамды болатын тиісті санаттың әрпін немесе санаттардың әріптерін және куәлік жарамды болып табылмайтын әрбір санат үшін жұлдызша (мысалы, "8 Санаттар А, В \* \* \* ") жазуы мүмкін.

10/. Ұлттық заңнамамен белгіленген көлік құралдарының басқа санаттарына арналған орын.

11/. Куәлік берген мемлекеттің құзыретті органдары тиісті жағдайларда жасауы мүмкін пайдалануға шектеу талаптарын қоса алғанда, қосымша ескертулерге арналған орын (мысалы, "Көзілдірік киіп қана басқару", "№ \_\_\_\_ көлік құралын басқару үшін ғана жарамды", "Бір аяғынан айырылған адамның басқаруы үшін көлік құралын қайта жабдықтаған жағдайда"). Жоғарыда, 9-ескертпенің екінші абзацында көзделген жағдайда бұл қосымша нұсқауларды № 1 бет үлгісінде қойған жөн. Басқа қосымша нұсқаулар үлгіге сәйкес келмейтін беттерде жасалуы мүмкін.

## **7-ҚОСЫМША**

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ**

1. Халықаралық жүргізуші куәлігі А6 форматындағы (148x105 мм - 5,81x4,13 дюйм) кітапшаны білдіреді. Оның мұқабасы сұр және ішкі беттері ақ болады.

2. Мұқабаның бірінші бетінің сыртқы және ішкі жақтары № 1 және № 2 беттердің қоса беріліп отырған үлгілеріне сәйкес бірдей; олар куәлік берілген мемлекеттің ұлттық тілінде немесе ұлттық тілдерінің бірінде басылады. Ішкі беттердің соңында қатар тұрған екі бет қоса беріліп отырған № 3 үлгіге сәйкес келеді және француз тілінде басылады. Олардың алдындағы ішкі беттерде осы екі беттің біріншісі бірнеше тілдерде қайталанады, олардың ішінде ағылшын, испан және орыс тілдері міндетті болып табылады.

3. Куәлікке енгізілетін қолдан жазылған немесе машинкада басылған жазбалар латын әліпбиінің әріптерімен немесе жазумен жасалады.

4. Мұқабалары ағылшын, испан, орыс және француз тілдерінен өзге тілде басылатын жүргізуші куәліктерін беретін немесе беруге рұқсат ететін Уағдаласушы

тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына коса беріліп отырған № 3 үлгі мәтінінің осы тілге аудармасын жіберуі керек.

## № 1 беттің үлгісі

### (Мұқабаның бірінші бетінің сыртқы жағы)

				1/				
				Халықаралық автомобиль қозғалысы				
				Халықаралық жүргізуші куәлігі				
1968	№ _____ жылғы	8	қарашадағы дейін	Жол жарамды	қозғалысы	туралы	конвенция	2/
				берген				
Күні	жүргізуші	куәлігінің	нөмірі					3/
Ұлттық	4							

1/ Куәлік берілген мемлекеттің атауы және 3-қосымшада белгіленген осы мемлекеттің ерекшелік белгісі.

2/ Ұлттық жүргізуші куәлігін берген сәттен бастап үш жыл немесе жарамдылық мерзімінің аяқталу күні, қай мерзім бірінші болатынына байланысты.

3/ Куәлік берген билік органының немесе бірлестіктің қолтаңбасы.

4/ Куәлік берген билік органының немесе бірлестіктің мөрі немесе штемпелі.

## № 2 беттің үлгісі

### (Мұқабаның бірінші бетінің ішкі жағы)

Осы куәлік _____				1/
аумағындағы қозғалыс үшін жарамсыз				
Ол басқа барлық Уағдаласушы тараптардың аумағында жарамды. Куәлік басқаруға құқық беретін көлік құралдарының санаттары кітапшаның соңында көрсетілген.				
				2/
Осы куәлік оның иесін ол жүретін кез-келген мемлекеттің аумағында негіздеу немесе қандай да бір мамандықпен айналысу құқығына қатысты заңдар мен ережелерді мүлтіксіз сақтаудан босатпайды. Атап айтқанда оның иесінің әдеттегі тұрғылықты жері болатын мемлекетте өз күшін жояды.				

1/ Мұнда иесінің әдеттегі тұрғылықты жері бар Уағдаласушы Тарап болып табылатын мемлекеттің атауы көрсетіледі.

2/ Уағдаласушы Тараптар болып табылатын мемлекеттердің тізіміне енгізу міндетті болып табылмайтын орын.

**Сол жақ беті**

Жүргізушіге қатысты жазбалар	Тегі	1
	А т ы <u>1</u> /	2
	Т у ғ а н ж е р і <u>2</u> /	3
	Т у ғ а н к ү н і <u>3</u> /	4
Тұрғылықты жері	5	
Басқару үшін куәлік берілген көлік құралдарының санаттары		
Мотоциклдер		A
A санатында айтылғандарды қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) аспайтын және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орындар саны сегізден аспайтын автомобильдер		B
Жүктер тасымалдауға арналған, рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг (7700 фунт) асатын автомобильдер		C
Жолаушылар тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орны 8-ден асатын автомобильдер		D
жүргізуші басқаруға құқылы B, C немесе D санаттарына жататын, бірақ өздері осы санаттардың біріне немесе осы санаттарға кірмейтін, тартқышы бар көлік құралдарының құрамдары		E
П а й д а л а н у д ы	ш е к т е й т і н	ш а р т т а р
-----		
-----		
-----		
-----		
-----		
-----		

1/. Мұнда әкесінің немесе күйеуінің есімін көрсетуге болады.

2/. Егер туған жері белгісіз болса, толтырылмасын.

3/. Егер туған күні белгісіз болса, куәлік берілген сәттегі шамамен алғандағы жасын көрсеткен жөн.

4/. Куәлікті берген билік органының немесе бірлестіктің мөрі немесе штемпелі. Бұл мөр немесе штемпель A, B, C, D және E санаттарының жанына егер иесі көрсетілген санаттағы көлік құралдарын басқаруға құқылы болған жағдайда ғана қойылады.

**№ 3 үлгі**

**Оң жақ беті**

1.....	
2.....	
3.....	
4.....	
5.....	
A	-----
4	
	ф о т о с у р е т

B	—				
4				4	
C	—				
4					
D	—				
4					
E	—	Иесінің қолы <u>б</u> .....			
<b>Е р е к ш е л і к т е р :</b>					
Куәлік	иесі	аумағы	бойынша	жүргізу	құқығынан
..... <u>7</u>		дейін			айырылған.
		күні			
.....   <u>8</u>			—	—	—
Куәлік	иесі	аумағы	бойынша	жүргізу	құқығынан
..... <u>7</u>		дейін			айырылған.
		күні			
.....   <u>8</u>			—	—	—

5/ Мысалы, "Көзілдірік киіп қана басқару", "№ .... көлік құралын басқару үшін ғана жарамды", "Бір аяғынан айырылған адамның басқаруы үшін көлік құралын қайта жа б д ы қ т а ғ а н жа ғ д а й д а " .

6/ Немесе қолдың бас бармағының ізі.  
7/ Мемлекеттің атауы.

8/ Өзінің аумағында жүргізуші куәлігінің жарамдылығын жойған билік органының қолы және мөрі немесе штемпелі. Егер осы бетте ескертулерге арналған орындар толық пайдаланылған болса, басқа ескертулер осы беттің сыртқы жағына жазған жөн.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол қозғалысы туралы конвенциясының қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінімен сәйкес келтірілді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
М е м л е к е т т і к     т і л            ж ә н е     а қ п а р а т  
департаментінің бастығы                      Қ. Жұманов